



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Швейцария Конфедерациясының Ұлттық күніне орай Президент Карин Келлер-Зуттерге құттықтау жеделхатын жолдады.



Мемлекет басшысы ұлттың бірлігін, демократия дәстүрлерін және елдің бейтараптық қағидатына бейілдігін айшықтайтын мерекенің ерекше мәніне назар аударып, Швейцария халқына бақ-береке тіледі. Сонымен қатар Президент Қазақстан мен Швейцария қарым-қатынасының жоғары деңгейде екеніне тоқталып, қос халықтың игілігі жолында өзара ынтымақтастық нығая беретініне сенім білдірді.

ӘСКЕРИ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Дәурен Қосановты қабылдады.



Президент — Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарған қызметі туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына армияның жауынгерлік дайындығы, көктемгі әскер қатарына шақыру науқанының нәтижелері, әскери-патриоттық тәрбие жүйесін жетілдіру және әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыру шаралары жөнінде мәлімет берілді.

Дәурен Қосанов Президент тапсырмаларының орындалу барысын жеткізді. Атап айтқанда, Мемлекет басшысына әскердің ұтқырлық деңгейін арттыру, әуе шабуылына қарсы қорғанысты күшейту, аумақтық әскер мен ұшқышсыз ұшатын аппараттар бөлімшесін, әскери инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ қорғаныс саласындағы мемлекеттік тапсырысты орналастыру мәселелері жөнінде ақпарат ұсынылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев министрге Қарулы Күштердің әскери әлеуетін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар міндет жүктеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы әскери қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әскери қызметшілердің жарақат алу және жазым болу оқиғаларының алдын алуға бағытталған кешенді шаралар қабылдаудың маңыздылығына назар аударды.

КӨЛІК – ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



Мемлекет басшысы көлік саласының қызметкерлерін марапаттады.

Президент, ең алдымен, көлік саласы қызметкерлерін кәсіби мереке-сімен құттықтап, оларды еліміздің дамуына елеулі үлес қосып жатқан нағыз еңбек адамдары деп атады.

— Мемлекет үшін көлік саласының стратегиялық маңызы айрықша. Бұл — айқын нәрсе. Көлік жүйесі — әрбір елдің дамуының көрінісі. Онсыз экономиканың алға басуы мүмкін емес. Сондықтан бұл салаға біз аса маңызды басымдық ретінде қараймыз. Көлік құралдары — экономиканың қозғаушы күші, өсіп-өркендеу кепілі десек, артық болмайды. Еліміздің осы саладағы мүмкіндіктері мол, тіпті бірегей деуге болады. Қазақстан — Еуразиядағы негізгі транзиттік хабтың бірі. Біз қазір Транскаспий халықаралық көлік бағдарын белсенді түрде дамытып жатырмыз. Бұл — Қытай, Орталық Азия және Еуропа арасында

тауар жеткізудің төте жолы. Былтыр Сиань қаласында көлік-логистика орталығын аштық. Оны «Бір белдеу, бір жол» атты жаһандық бастама аясында Қытай елімен бірлесіп жүзеге асырдық. Бұл қадам халықаралық жүк тасымалын арттыруға септігін тигізуде, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан аумағы арқылы өтетін дәліздердің инфрақұрылымын біртіндеп жақсарту қолға алынғанын айтты.

— Логистика орталықтары және қоймалар салынуда. Теміржол құрылысы жанданып жатыр. Осындай маңызды шаралар сыртқы сауда айналымын ұлғайтуға мүмкіндік береді, экономиканы өркендетуге ықпал етеді. Биыл «Достық — Мойынты» теміржолының екінші желісі салынып бітеді. Соның арқасында жүк көлемі бес есе артады. Осы ауқымды жобаны, негізінен, өз жұмысшыларымыз жүзеге асырып жатқанын да атап өту қажет. Сондай-ақ жыл соңында Алматы бекетін айналып өтетін теміржол

іске қосылады. Нәтижесінде, жүктеме азайып, жүк жеткізу мерзімі қысқармақ. Көлік-тасымал саласы озық, заманауи және бәсекеге қабілетті болуы керек. Сол себепті алдағы уақытта еліміздегі теміржолдың ұзындығын едәуір арттыру көзделіп отыр. Он бір мың шақырым теміржолды жөндеу жұмысы жалғасады. Жаңадан 5 мың шақырым жол салу және оны жаңғырту жоспарлануда. Қазір Транс-Қазақстан теміржол дәлізі ауқымды жобасы қолға алынды. Менің тапсырмаммен ұзындығы 323 шақырым болатын «Мойынты — Қызылжар» теміржолы салынып жатыр. Бұдан бөлек, «Дарбаза — Мақтаарал» және «Аягөз — Бакты» теміржол өткелінің құрылысы қарқынды жүруде, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, тағы бір маңызды бағыт — машина жасау секторы. Әлемнің ең озық компанияларын тарта отырып, жергілікті өндірісті дамыту өзекті.

(Жалғасы 2-бетте)



ҚАЗАҚ, АЛАШ, АБАЙ – БІРТҰТАС ҰҒЫМДАР

Адамзаттық құндылықтар жүйесінде, әлемдік өркениет өлкесінде – Аристотель, Гомер, әл-Фараби, Конфуций, Науай, Мақтымқұлы, Байрон, Бальзак, Баласағұн, Бердақ, Гете, Қашғари, Ясауи, Шекспирлердің белортасынан Абай әлемі де алабөтен көрініп, асқақ естіледі.



→4-5

ҚОСЫМША БІЛІМГЕ ҚАТАҢ СҮЗГІ ҚАЖЕТ

Елімізде қосымша білім саласында жаңа реформа басталды. Биыл қабылданған жаңа заң бойынша енді үйірмелер мен спорт секциялары өзінің ашылғаны туралы міндетті түрде жергілікті білім бөлімін не басқармасын хабардар етуге тиіс.



→8

САЯСАТ

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

— Қазір Қазақстанда шетелдік үздік компаниялар жұмыс істейді. Мен жыл басында Астанадағы электровоз құрастыру кәсіпорнына бардым. Онда жүк және жолаушылар тасымалдайтын электровоз бен қосалқы бөлшектер шығарылып жатыр. Ең бастысы, осындай маңызды жұмысты өз мамандарымыз атқаруда. Мемлекет мұндай жобаларға жан-жақты қолдау көрсете бермек, — деді Президент.

Мемлекет басшысы әуекатынастарын дамыту көлік саясатындағы басым міндеттердің бірі екенін атап өтті.

— Бүкіл ел бойынша авиация инфрақұрылымын жаңғырту үшін кешенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Мысалы, былтыр Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында жаңа терминалдар іске қосылды. Әуежайлардың өткізу қабілеті айтарлықтай артты. Бұрын Алматы әуежайы жылына 2,5 миллион жолаушыға ғана қызмет көрсете алатын. Бүгінде бұл көрсеткіш 14 миллионға дейін ұлғайды. Менің тапсырмаммен Зайсанда, Қатонқарағайда және Кендірліде үш жаңа әуежай салынып жатыр. Аркалық әуежайы қалпына келтіріле бастады. Мұндай жобалардың жүзеге асуы жолаушылар нөпірін көбейтіп қана қоймайды. Сонымен қатар логистика, туризм, сауда және басқа да қосалқы салалардың дамуына серпін береді. Әуе рейстерінің географиясын кеңейту мақсатында тұрақты түрде жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Қазір Қазақстанның 30-дан астам елмен тікелей әуекатынасы бар. Бірақ бұл аз. Аталған бағыттағы жұмыс жалғасады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдағы маңызды міндет — әуе арқылы жүк тасымалын дамытып, Қазақстанды аймақтағы жетекші авиациялық хабқа айналдыру.

— Үкімет ұлттық жүк тасымалдаушы әуекомпаниясын құру туралы жоспарын мәлімдеді. Жалпы, еліміздегі азаматтық авиация мен әуе арқылы жүк тасымалын



КӨЛІК – ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

дамыту мәселесі тек көлік қызметі ретінде қарастырылмайды. Оның ауқымы одан әлдеқайда кең. Бұл — еліміздің экономикалық өсіміне, халықаралық аренадағы орнына және егемендігіне тікелей әсер ететін стратегиялық вектор, — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы автокөлік жолдарының сапасын жақсартуға қатысты ауқымды жұмыс жүргізіліп жатқанына назар аударды.

— Былтыр 7 мың шақырым автокөлік жолы пайдалануға берілді. Талдықорған — Өскемен, Қарағанды — Алматы, Ақтөбе — Атырау — Астрахан бағытындағы күрежолдар жаңғыртылды. Жергілікті автокөлік жолдары да жөнделіп жатыр. Мұндай ауқымды жұмыс ел тарихында бірінші рет іске асатын болды.

Бұдан бөлек, басқа да ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Былтыр халық көптен күткен Бұқтырма су қоймасындағы көпір ашылды. Бұл — Қазақстандағы ең ұзын көпір. Осы өткел екі облысты және жеті ауданды байланыстырады, сондай-ақ Қытай мен Ресейді жалғайды. Шаппақ баба асуында еліміздегі ең алғашқы туннель іске қосылды. Шын мәнінде, «Жол — тіршілік көзі, жол бар жерде қайнаған өмір бар» деп бекер айтылмаған. Осы нысандардың игілігін ең алдымен халық көреді. Сапалы жол азаматтардың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді. Жалпы, Қазақстанда көлік-транзит саласы қарқынды дамуда. Бұл — өздеріңіз сияқты азаматтардың қажырлы еңбегінің жемісі. Қазір осы салада 770 мыңнан астам адам

жұмыс істейді. Сіздер адал қызмет етіп, елімізді көркейтуге мол үлес қосып жүрсіздер. Мен бүгін барлық көлік саласы қызметкерлеріне шынайы ризашылығымды білдіремін. Біз бір ел болып заң мен тәртіпке бағынатын Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Бұл — мемлекетіміздің болашағы үшін өте маңызды жұмыс, оны міндетті түрде орындауымыз керек. Көлік саласы мамандары өз міндеттерін мінсіз атқарып, мемлекеттік маңызы бар іске белсенді түрде атсалысып келеді. Алдағы уақытта да ел игілігіне қызмет етесіздер деп сенемін. «Еңбек еткен елден ырыс кетпейді» дейді халқымыз. Еңбекқорлық пен кәсібилік — өркениетті қоғамға тән қасиеттер. Еңбек адамы ең жоғары марапатқа лайықты, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында еліміздің көлік саласын дамытуға, қатынас жолдарының инфрақұрылымын қалыптастыруға және жаңғыртуға қосқан елеулі үлесі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградамиен марапатталды. Атап айтқанда, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы «Қазақстан темір жолы» компаниясының ардагері Қалтай Сәмбетовке берілді. Ол 66 жыл үздіксіз жұмыс істеп, теміржол саласын және көлік инфрақұрылымын дамытуға зор үлес қосқан. Ең жоғары мемлекеттік награда көлік саласының өкіліне алғаш рет табысталып отыр.

Сондай-ақ былтыр мемлекеттік наградалар жүйесіне 9 жаңа құрметті атақ енгізілді. Соның бірі — «Қазақстанның көлік саласының еңбек сіңірген қайраткері». Бүгін бұл құрметті атақ еңбек ардагерлері — Борис Исинамановқа, Владимир Аверкинге, Қанат Шайминге және Андрей Горватка берілді.

Жиында сала ардагері, «Қазақстанның Еңбек Ері» Қалтай Сәмбетов, «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы Бұқтырма шлюзінің «Тайфун» сүнгүр стансасының капитаны — жоғары санатты механигі Владимир Аверкин, «Шымкент әуежайы» АҚ ұшу аппараттарын жуушы Нұрзейнеп Пірманова сөз сөйледі.

Б.МАРАТҚЫЗЫ

СЕНАТОРЛАР АЙМАҚ АХУАЛЫМЕН ТАНЫСТЫ

Сенаторлар Мемлекет басшысының тапсырмаларын халыққа түсіндіруге орай республика аймақтарында сапарда жүр. Олар жергілікті басшылармен, мәслихат депутаттарымен, мамандармен және тұрғындармен кездесуде. Облыстарда әлеуметтік-экономикалық даму, кәсіпкерлікті дамыту, ана мен баланы қорғау, «Таза Қазақстан» жалпы ұлттық шарасының жүзеге асуы, шекара әскерінің даярлығы мәселелері талқыланды.



зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балаларды уақытша қорғау және оларға психологиялық көмек көрсететін «Үміт» дағдарыс орталығында болды. Кездесуге қатысушылар зардап шеккендерді қорғаудың заңнамалық және институционалдық тетіктерін жетілдіру, салалық мекемелер арасындағы үйлестіруді күшейту, сондай-ақ қайталанған зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алуда тиімділікті арттыру мәселелерін талқылады. Депутат былтыр әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық көрсеткендерге жазаны қатаңдату, алдын алу шараларын кеңейту, сондай-ақ азаматтардың осал санаттарын құқықтық қорғауды күшейту туралы маңызды заң қабылданғанын айтты. Сенатордың айтуынша, осы саладағы заңнаманы дамыту, оның ішінде жергілікті жерлерде көмек

көрсететін мекемелермен байланыс арқылы жетілдіре түсу жалғасын табуда.

Сенат депутаты Андрей Лукин биыл қыркүйекте Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII Съезіне дайындық аясында елордада салынып жатқан жаңа ғибадатхана кешені құрылысының барысымен танысты. Онда мемлекеттік органдар, діни қызметкерлер мен мердігер ұйымдардың өкілдерімен жұмыс бабындағы кеңес өтті.

Сенат депутаттары Наурызбай Байқадамов пен Руслан Рүстемов Қызылорда облысында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық шарасын жүзеге асыру барысымен танысты. Сенаторлар Қызылорда әкімі Нұржан Ахатовпен бірге бірқатар қалалық нысанды, оның ішінде Президент саябағын, «Қорқыт Ата» аллеясын және Мем-

лекеттік рәміздер алаңын аралады. Бұл нысандардың аумағы Мемлекет басшысының жайлы қала ортасын қалыптастыру жөніндегі тапсырмасы аясында абаттандырылған болатын. Сенаторлар Президенттің бастамасы бойынша жүзеге асқан «Таза Қазақстан» экологиялық шарасы бүгінде жалпыұлттық сипатқа ие болғанын атап өтті. Ол маңызды тәрбиелік мәні зор әрі қоғамды ынтымаққа ұйыстыратын қадам болып отыр. Сондай-ақ сенаторлар Қызылордадағы аграрлық секторға орта буын мамандар даярлайтын агротехникалық колледжде болды. Мұнда жыл сайын 140-тан астам түлек сұранысқа ие мамандыққа ие болады және ауылдық өнірлерді білікті кадрлармен қамтамасыз етеді. Депутаттар колледжді техникалық жаратқандыру, оқу процесін цифрландыру және педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мәселелеріне назар аударды. Сенат депутаты Ғалиаскар Сарыбаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясында болды. Онда үміткерлерді іріктеу рәсімдерімен, қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау жөніндегі білім беру бағдарламасымен, тәрбие жұмысы және академияның материалдық-техникалық базасымен танысты. Кездесу барысында заманауи білім беру технологиясын енгізуге, курсанттардың талдау тұрғысында ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат қауіпсіздігі және гибрид қатерлерге қарсы іс-қимыл саласында маман даярлауға ерекше назар аударылды. Академия басшылығымен және оқытушыларымен кездесу барысында кадр даярлау ісін жетілдіру, ғылыми құрамды күшейту және келешекте қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту туралы сөз болды.

Сенат депутаты Ернұр Әйткенов «Келешек мектеп» жобасы аясында салынып жатқан жалпы білім беретін мектептің алғашқы құрылысымен танысты. Ол Павлодар қаласындағы қарқынды дамып келе жатқан «Достық» шағынауданында салынууда. Жоба білім сапасы мен оқу барысына қойылатын жаңа талапқа сәйкес келетін заманауи, қауіпсіз және қолжетімді білім ұясын жасауға бағытталған. Бүгінде жұмыстың 80%-ға жуығы аяқталды. Мектепті жаңа оқу жылының басталуына орай пайдалануға беру жоспарланып отыр. Ғимаратта заманауи оқу кабинеттері, зертхана мен шеберхана, акт және спорт залдары, абаттандырылған аула қарастырылған. Сондай-ақ білікті педагогикалық құрам жасақталып, оқу сыныптары жасалады. Сенатор Мемлекет басшысының «Келешек мектеп» жобасын іске асыру жөніндегі тапсырмасын сапалы орындау мақсатында Парламенттің назарында болатынын атап өтті.

Сенат депутаты Ольга Булавкина Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданында өткен Дала күніне арналған шараға қатысты. Шара аясында элиталық тұқымдар, келешегі бар сұрыппар мен будандардың, сондай-ақ заманауи агротехнологияны қолдана отырып өсірілген жеміс-жидек дақылдары өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылды. Аграрлық ғылымды дамыту, инновациялық шешімдерді енгізу, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің ғылыми жетістіктерге қол жеткізуді кеңейтудің өзекті тақырыптарына, сондай-ақ аграрлық секторды мемлекеттік қолдау шараларына ерекше назар аударылды.

Мейір ЖАСЫН

БАҒДАР

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

МЫҢДАҒАН ЖАС ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

«AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты жүзеге асырып жатқан «Жастарға жұмыс» жобасы биыл үшінші жыл қатарынан жалғасуда. Бұл бастаманың арқасында жастардың жұмыспен қамтылуы сәтті жүзеге асып жатыр. Жоба «бір терезе» қағидатына сай әзірленген, барлық қажетті ақпарат пен қызмет бір орталықтан ұсынылады.

Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді тетіктерінің біріне айналды. Президент 2029 жылға дейін 2,3 миллионнан астам жасты жұмыспен қамтуды басты міндеттердің бірі ретінде белгіледі. Жарияланған «Жұмысшы мамандықтары жылы» мен «Еңбек адамы» тұжырымдамасы — жаңа жастар саясатының идеялық әрі мазмұндық негізіне айналды. Бұл — жай ұран емес, жастардың болашағына бағытталған нақты қадам. Жәрменкелер, кәсіпорындарға экскурсиялар мен түрлі кездесу мыңдаған жастың өз жолын табуына себеп болып отыр.

Бүгінге дейін жоба аясындағы жәрменкелер барлық облыс орталығында және өңірлік маңызы бар қалаларда өтті. Мәселен, Көкшетау қаласында іс-шара Жастар бастамаларын дамыту орталығының алаңында ұйымдастырылып, 300-ден аса адамды қамтыды. Қатысушылар қатарында колледж студенттері мен түлектері, жұмыссыз жас мамандар бар.

Мұндай алаңдардың басты ерекшелігі — тек жұмыс ұсынумен шектелмей, мемлекеттік қолдаудың барлық бағыты бойынша кеңес беретін платформа ретінде жұмыс істеуі. Жастар бұл жерде тұрғын үй мәселесінен бастап кәсіп бастауға дейін, медициналық қызметтер мен кәсіби даму мүмкіндіктері жөнінде толық ақпарат ала алады. Яғни, барлық қажетті қолдау бір орталықта шоғырланған.

Мысалы, Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжінің түлегі Дмитрий Сонников мемлекеттік құрылым өкілдерімен тілдесіп, нәтижесінде «Жастар Рухының» көмегімен Ақкөл қаласында өрт сөндіруші-құтқарушы қызметіне орналасқан. Ал бухгалтер мамандығында оқитын Ұлытау өңірінің студенті Алдияр Зейнолла техникалық салаларға сұраныстың артқанын көріп, мамандығын өзгерту туралы ойға келген.

«Қазір 3-курста бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша оқып жүрмін. Колледж бізді кәсіби бағдар алу үшін осы жәрменкеге жіберді. Техникалық мамандықтарға сұраныстың көп екенін байқадым. Маған да техника саласы қызық — бірнеше жұмыс берушімен сөйлестім. Колледжді бітірген соң басқа мамандықты да меңгеріп көргім келеді», — деді ол.

Сонымен қатар «Жастар Рухы» оқушылар мен студенттерге жұмысшы мамандықтардың қыр-сырын таныстыру бағытында да жұмыс жүргізіп келеді. Еліміздің әр өңірінде өндіріс орындарына экскурсиялар ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, олардың қатарында «Бөрте Милка», Атырау бекіре зауыты, Жезқазған мыс қорыту зауыты, Ақтөбе феррокорытпа зауыты, «Қазақстан алюминийі», Орал трансформатор зауыты және тағы басқалары бар. Бұл экскурсияларға 5 мыңнан астам жас қатысты. Мұндай сапарлар жастардың кәсіби білімге қызығушылығын арттырып, өндіріс орындары-



мен тікелей байланыс орнатуға жол ашады. Бұл — тек кәсіби бағдар емес, еңбекке деген құрметті қалыптастырудың маңызды қадамы. Бүгінгі оқушы — ертеңгі маман. Олар қазірдің өзінде еңбек адамы болудың абыройлы да қажетті іс екенін сезініп, нақты қадам жасауға ынталануда.

«AMANAT» партиясының жастар саясатында Бір Толқында пікір алаңы мен өңірлік жастар слеттері ерекше мәнге ие. Белсенді, ойлы және мақсатқа ұмтылған жастар үшін бұл кездесулер тәжірибе алмасудың тиімді алаңына айналған. Мұнда олар нақты жетістікке жеткен замандастарының жолымен танысып, өз мүмкіндіктерін бағамдайды. Осындай бастамалар жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерованың ай-

туынша, «Жастарға жұмыс» жобасы — жай ғана бос жұмыс орындарын ұсынатын шара емес. Бұл — жастардың басты қажеттілігін ескерген әрі шынайы мазмұнға ие бастама. Яғни, қоғамда өз орнын табуға, жұмыспен қамтылып, ел дамуына үлес қосуға бағытталған пәрменді бастама.

«Бүгінгі буын — елдегі жаңғыру үдерісіне сырттай бақылаушы емес, тікелей қатысушы. «Жастарға жұмыс» бастамасы жүйелі түрде жалғасса, ол жастарға өз орнын табуға ғана емес, еңбекқор әрі жауапкершілігі жоғары жаңа буын қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Президенттің Әділетті Қазақстанды құру жолындағы еңбек құндылықтары туралы бастамаларын қолдай отырып, біз еңбек мәдениетін, жұмысшы мамандықтарға құрметті және елге пайдалы болуға ұмтылысты қалыптастыруды көздейміз», — дейді ол.

АУЫЛДАРДЫҢ АЖАРЫ КІРДІ



Былтырдан бері Қостанай облысында «AMANAT» партиясының бастамасымен жүзеге асқан «Жарқын ауыл» өңірлік жобасы оң нәтижесін беріп келеді. Жоба ауылдардағы инфрақұрылымды жақсартуға, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

2024 жылы облыс көлемінде 700-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, өңірде барлығы 74 тұрғын үй салынып, балалар мен жастарға арналған 35 спорт алаңы орнатылды, сондай-ақ 39 қоршау қойылып, 17 көше жөндеуден өтті.

«Бұл бастама — ауыл өмірінің шынайы қажеттіліктеріне негізделген. Біз әр іс-мізде халықтың сұранысын ескеріп, соған жауап беруге тырысамыз. «Жарқын ауыл» — бұл партия мен ауыл тұрғындарының бірлескен жұмысы нәтижесінде

жүзеге асып жатқан нақты өзгерістердің көрінісі», — деді партияның Қостанай аудандық филиалының төрағасы Марина Растегаева.

2025 жылы жобаның жаңа кезеңі Ұзынкөл ауданына қарасты Обаған ауылынан басталды. Жыл басынан бері 115 меморандум бекітілді. Соның нәтижесінде ауылдық жерлерде жолдарды жөндеу, су жүйесін тарту, көшелерді жарықтандыру, мектептер мен балабақшаларды жаңарту, жаңа әлеуметтік нысандар салу жұмыстары жүйелі түрде қолға алынады.

Мәселен, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында Айсары ауылындағы Бірлік көшесі мен Қостомар ауылындағы Крупская көшесі жөндеуден өтті. Бұрын шұңқыры көп, жүруге қолайсыз болған жолдар бүгінде ауыл тұрғындары үшін қауіпсіз әрі ыңғайлы қозғалысқа мүмкіндік берді.

«Жол — тек көлік қатынасы емес. Бұл — балаларымыздың мектепке, үлкен кісілердің ем қабылдайтын орынға қауіпсіз жетуі, жалпы тұрғындардың күнделікті

өміріне тікелей ықпал ететін маңызды фактор. «AMANAT» партиясының жол сапасына назар аударуы — мен сияқты тұрғындар үшін аса құнды», — деді Айсары ауылдық округінің тұрғыны Сейтжан Сәндібеков.

Сондай-ақ Половников ауылында заманауи спорт алаңы салынды. Бұл нысан «Половниковское» ЖШС директоры әрі аудандық мәслихат депутаты Олег Двоглазовтың бастамасымен іске асырылды. Қазір бұл алаңда ауыл жастары тұрақты түрде футбол, волейбол ойнап, белсенділіктерін арттыруда.

«Ауыл балалары толыққанды даму үшін қажетті мүмкіндіктерге қол жеткізуге тиіс. Мен көпбалалы ана ретінде бұл спорт алаңдары балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне, бір-бірімен араласуына жағдай жасайды деп ойлаймын», — дейді Половников ауылының тұрғыны Алмагүл Тоқтауылова.

«Жарқын ауыл» — бұл өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған кешенді жоба. Оның іске асуы партияның өңірлік даму мен шалғай елді мекендерді қолдаудағы нақты қадамдарын айқын көрсетеді.



2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Осы реттен алғанда, Абайдың әлемдік даңқы да назар аудартады. Абай мұраты мен мұрасы — әлем халықтарына да таныс. Абайдың әлемдік даңқы — жер-жаһандағы 193 мемлекеттің басымы көпшілігіне жетті. Осы орайда «тарихты — халық жасайды, тұлғалар — елді танытады» деген тәмсілге табан тіресек, Қазақ, Алаш, Абай атаулары біртұтас ұғымға айналды...

2020 жылы Абайдың мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде өтті. Ақынның 175 жылдығы тұсында: «Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық жарық көрді. Ақын мұрасы әлемнің 10 тіліне аударылды. Аударма жинақтарына: ақынның 145 өлеңі, 3 поэмасы, 45 қарасөзі енді. Олар 3 мың данамен таралды. Ресей баспаларынан «Қарасөздері мен өлеңдері» жарық көрді (2019). «Халықаралық Абай клубы» ақынның мерейтойына арналған 10 томдық шығармалар жинағын шығарды. Олар: ағылшын, француз, неміс тілдерінде басылды. Орта Азия елдерінде де ақын мұрасы жүйелі түрде жарық көріп келеді.

Ақынның әлемдегі ескерткіштері, даңғылдар мен көшелер жүйесі де жетерлік. «Абай» журналы 1992 жылдан Семей қаласында шығып тұрады. «Абай» телеарнасы жұмыс істейді...

Алыптар тоғысының бір бағыты, кең арнасы Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасынан да кеңінен көрініс береді. Әсіресе, ондағы елдік мүдде, ұлт мұраты, адалдық пен әділдік, бірлік пен береке, білім мен ғылым, дәстүр мен дін, жастық пен достық, парыз бен қарыз, қанағат пен иман, рахым мен сабыр, сенім мен сезім иірімдері даму арнасын, жасампаздық жолын, өмір сүру философиясын да айқын аңғартады. Маңыздысы, әділетті қоғам мәнін, ежелгі тарихи һәм мәдени құндылықтардың қыр-сырын тану, ұлттың жана сапасын арттыру бағытындағы ойлар мен толғаныстарынан терең танылады. Ал құндылықтар негізі — адам мен оның еңбегі арқылы көрініп, жарасымды жалғасын табатыны, қоғамдық дамуға әсерінен көрінетіні де жүйелі жеткізіледі. Оның басты белгісі мен негізгі шарты — ел мүддесі мен ұлт мұратына қызмет етуден көрінеді. Оның мәнісі, батыр Бауыржан Момышұлы айтқандай: «...елім деп езіліп, жұртым деп жұмылып халыққа қызмет ету керек». Таратып айтсақ, Пайғамбардың өзі: «Мен көркем мінезді толықтыру үшін келдім», — десе, Хакім Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрсемен озбақ. Онан басқа нәрсемен озым ғой демектің бәрі де — ақымақтық» екенін баса айтады. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», — деп адам мұратын айқындап, ақыл-парасат таразысын алға тартып, өмір өрімі мен өлшемін басымдық береді. Мұның бәрі қоғам дамуына, заман шындығына, адам әлеміне, өмір өрімі мен өнегесіне ден қойып, елдің

Адамзаттық құндылықтар жүйесінде, әлемдік Аөркениет өлкесінде – Аристотель, Гомер, әл-Фараби, Конфуций, Науай, Мақтымқұлы, Байрон, Бальзак, Баласағұн, Бердақ, Гете, Қашғари, Ясауи, Шекспирлердің белортасынан Абай әлемі де алабөтен көрініп, асқақ естіледі. Аталған даңқты һәм танымал тұлғалардың қай-қайсысы да өзіндік бағыт-салалары бойынша ерен еңбек етіп, соңында қалған мұра-мирастарында елдік ұстанымға берік, білім-ғылым ісіне адал да тұрақты болды. Бастысы, әрине ақыл-парасат, жүрек ісі арқылы жасаған жалпыадамзаттық құндылықтары жер-жаһанға тарап, адам мен оның өміріне, еңбек болмысына, дәстүр мен дүниетаным арналарына, даму үрдістеріне сүбелі үлес қосты.

ұлттық болмысын айқындауға бағытталған саналы әрекеттің ұнамды үлгісі.

Осы орайда Хакім Абайдың өлең өнері мен «Қара сөздер» мұрасын қатар сөз етіп, елдік мүдде мен ұлт мұратының асыл арналарына, мәдени-рухани һәм танымдық-тағылымдық сипаттарына ден қоюдың маңызы ерекше.

Адамның бір қызығы —
бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл
деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын
деп бермедім,
— деген бастапқы мақсатын, ақ адал ісін, түпкі ойын да бүкпесіз жеткізеді. Оқу-білімнің мәні,



ҚАЗАҚ, АЛАШ, БІРТҰТАС

Ақиқатында, Абай поэзиясының тұтас мазмұнынан қоғамдық құбылыстар, кезең көріністері, заман шындығы, адам өмірі мен еңбегі, тұрмыс-тіршілігі кеңінен көрінеді. Айталық, «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім» деген өлеңі көлем жағынан ғана емес, мазмұн жүйесі һәм жеткізу жолдарымен де мәнді әсер етеді. Өлеңнің әрбір бөлігінің бастапқы тұсында «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім» деген қайталаулар негізінде адам өмірі, жастық кезең мәні, ғашықтық сипаты айқын көрінеді. Албырт шақ, асау жүрек, көңіл толқын-

ғылымның — қуат-күші, адамның өсіп-есеюі мен ел дамуы үрдістеріндегі орны да жан-жақты айқындалады. Немесе: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» атты өлеңде ел өмірі мен тынысы терең көрініс береді. Адам мұраты мен борышы, өмір кезеңдері, кәрілік орны, жастыққа тән сипаттар сараланады. Бұдан басқа, ел ішіндегі келеңсіз көрініс, кереғар жайттар, атқамінерлердің ұр да жық әрекеттері, ақылды мен ақылсыздың өзара қатынас айырмасы, арзан мадақ пен салмақсыз даңқтың сиқы, еріншек пен өтірік, бос

шаян, беті адам», «Сұм-сұрқия, қу заман» сиқы да өмір тәжірибесі мен тағылымдары арқылы телқабыс беріледі. Қанағатпен көңіл тоғайтқан қалың жұрттың орын-үлесі де көрсетіледі. Ал «Көңілім қайтты, достан да, дұшпаннан да» өлеңінен қоғамдық құбылыстар мәні айқындалып, алыс-жақындағы жақсы-жаман көріністер, әдет-дағды, кәсіптегі жат та теріс жағдаяттардың сыр-сипаттары кең орын алады. Бай мен саудагердің пайда, табыс жолындағы ардан аттап, мал қызығына түсіп, ұрлық-қарлыққа «батыл қадам» жасағаны, көп тентектің ел ісінен аулақ жүруі, қылмысқа жазаның сай болмауы да сын-мін ретінде аталады. Бастысы, болыс сайлауы тұсындағы әркілі келеңсіз-кереғар жайттар, елдің бірлік-берекесін кетірген атқамінерлер әрекеті, ру тартысы, ағайын арасындағы алауыздық мәні мен сиқы, қысқасы қоғам мәні, заман шындығы, уақыт рухы бар қырынан жан-жақты ашылады.

Ақынның бірқатар өлеңдерінде «Адасканның алды — жөн, арты — сокпақ», «Бір дәурен келеді күнге — бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деп өмірден көрген-түйген тәлімді тәжірибелер, ел көріністері, ондағы артық-кем тұстар сын садағына ілінеді. Еңбексіз өмір мәні, адалдық пен әділетті іс, жалқау мен еріншек, сұм-сұрқия, сұғанақ сиқы бар қырынан көрсетіледі. Басында миы, алдында малы, үйінде берекесі

жоқ кейбірінің шектен тыс кеуде керіп, кербез күйге еніп, кердең қаққан қуыс кеуделері де көпке күлкілі көрсетіліп, әр қырынан әжуә етіледі. Ақын бастапқы тұста:

Адақанның алды — жөн,
арты — сокпақ,
Оларға жөн — арамның
сөзін ұқпақ.
Қас маңғаз, малға
бөккен кісімінін,
Әсте жоқ кеселді істен биттей
қорықпақ,

— десе, «Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық» өлеңінде адамдық борыш, адал еңбек, жастық мәні, еңбек сипаты, ақсақалдық жол, өнер орны, таным көкжиегі, тәрбие арналары кең түрде ашылады:

Ақын мұраты анық: адамдық борыш, адал еңбек, әділ іс, бірлік-береке мәні. Алайда қоғамдағы кереғар жайттар, адамдар арасындағы келеңсіз көріністер, берекесіз тірлік, тұрмыстағы жүдеу тіршілік, тайыз сана, ұрлық-қарлық, сұм-сұрқия сиқының кері әсері жіті танылады. Елдік мүдде айқындалып, «Ақсақал жолы» мен мәні кең түрде ашылады.

Ақынның «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге» сынды өлеңдері тақырыптық мәні, мазмұн жүйесі, сөз мәні, ой өзегі тұрғысынан өз ара жақын, үндес келеді. Білім мәні, ғылым ісі — ел болашағы мен даму үрдістерімен қатар беріледі. Ақын алғашқы тұста:



Ақиқатында, Абай поэзиясының тұтас мазмұнынан қоғамдық құбылыстар, кезең көріністері, заман шындығы, адам өмірі мен еңбегі, тұрмыс-тіршілігі кеңінен көрінеді.



дарының тебіреністі-тербелісті тұстары да терең танылады. «Сабыр түбі — сары алтын» деген халықтық қағидатты берік ұстаным етеді. «Дүние даяр өтерге, Ажал даяр жетерге» дегенді де негізгі назарда ұстайды. «Бейнет көрмей, дәулет жоқ» екенін жан-жүректің таразысы, темірқазығы етеді. Ақыл, иман, дәулеттің бәсін биік қояды.

Ал «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңде оқу-білім мәні кең орын алады. Ғылым ісінің маңызы да әр қырынан ашылады. Жастай алған білім-ғылымның мәні мен нәрі, елдік сипаты, ұлттық құндылығы, рухани байлығы, көркемдік көкжиегі де кең түрде танылады.

мылжың мен құр қылжақ, арамдық пен жамандық, ұрлық пен қулық-сұмдық сипаттары да мәнді беріледі. «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» атты өлеңнен ел іші, атқамінерлер тобы, еңбексіз табыс табу жолының мың сан үлгі-үрдісі көрініс береді. Әсіресе, бай-бағландар сипаты, би-болыс сиқы, жарлы мен дос мәні, сұм-сұрқияның қулық-сұмдықты ел өмірімен байланыстырылады. «Терін сатпай, телміріп, көзін сатып», ел үстінен күнелткен «алармандардың сұм-сұрқия» сиқы, арзан мадақ, қулық-сұмдықты әшкереленеді. Бұдан басқа, «Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез», «Ғылым да жоқ, ми да жоқ», «Құйрығы



*Интернатта оқып жүр,
Талай қазақ баласы —
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы,*
— деп көз бен көңіл қуанышын
қатар білдірсе, кейінгі кезекте ата-
ана орны, шарият ісі, оның мән-
маңызы ашылады. Бос мақтан,
даңк пен дақпырттың кедергі-
кесірі, жат-теріс сиқы сыналады.
Керісінше, «Талапты ерге нұр жа-
уар», «Адал жүріп, адал тұр» сынды
бағыт-бағдар беріліп, ақ жол көр-
сетіледі. Адамдық борыш, адал
енбек, өмір өрнегі алға шығады.
Сондай-ақ «Өкінішті көп өмір
кеткен өтіп», «Сабырсыз, арсыз,
еріншек» сынды өлендерде қоғам-
дық жағдаят, заман шындығы,
уақыт рухына қатысты ортақ
мұрат, мәнді сипаттар бар.

Бұдан басқа, «Ішім өлген, сыр-
тым сау», «Болыс болдым, мінеки»,
«Мәз болады болысын», «Біреуден
біреу артылса», «Сәулең болса
кеуденде», «Тұлпардан тұғыз озбас
шабылса да», «Асқа, тойға баратұ-
ғын», «Жақсылық ұзақ тұрмайды»,
«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқан-
мын» сынды өлендерден де ел-жер

тірлігін «күлкішіл керден» сипа-
тында береді. Арсыз, ұятсыз кейпі
де көрінеді. «Қайнайды қаның,
Ашиды жаның, Мінездерін көр-
генде» дейтіні де содан. «Байлаусыз
ақыл», «Күпілдек мақтан» мәні де
ашылады. Ақын поэзиясынан аң-
ғарылатын: «Бір кісі емес жазға-
ным, жалпақ жұрт қой» екені терең
танылады. «Терең ой, терең ғылым
іздемейді, Өтірік пен өсекті жүн-
дей сабап» сынды ойлар мен тол-
ғаныстарынан дәуір дидары мен
заман шындығы, адам мұраты,
енбек болмысы кеңінен көрініс
береді. Елдік сана, ерлік дәстүр,
адам мұраты, өмір өрімі, енбек
болмысы, дәстүр тағылымы, ар-
иман ісі де кең орын алады.

Ақын өлендерінің бір шоғы-
ры — жастық, достық, махаббат
тақырыбын кеңінен қозғап, жан-
жүректің жырын, көңіл толқын-
дарының нұрлы, сырлы сәттерін
бүкпесіз баяндайды. Жалын жас-
тық пен достық сыры — мөлдір
махаббаттың негізін құрайды. Ойға
алсақ, «Қақтаған ақ күмістей кең
маңдайлы» өлеңінің тақырыбынан
танылатынындай, бойжеткен қыз-

Ал надандық пен жалқаулық,
енбексіз бен жылпостық, залым-
дық пен зұлымдық, ұрлық пен
бұзақылық сыры былай беріледі:
«...ғаламға белгілі данышпандар
әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау
кісі — қорқақ, қайратсыз тартады,
әрбір қайратсыз — қорқақ, мақтан-
ғыш келеді; әрбір мақтаншақ —
қорқақ, ақылсыз, надан келеді;
әрбір ақылсыз — надан, арсыз
келеді; әрбір арсыз жалқаудан
сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйым-
сыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ
жандар шығады». Бұл тұстардан,
сөз жоқ өмір-тұрмыстағы кәсіп-
дағды, дәстүрден өзге, енбек мұра-
ты басым бағыттарға ие болады. Ар
ісін, ақиқат ілімін, жан-жүректің
нұры мен сәулесін бәрінен жоғары
қояды.

«Қара сөздердің» асыл арқауы
мен басты бағыттары — адам әле-
мін ашуға арналады. Адам мұраты
мен адамшылық жолы, ар мен ұят-
тың маңыз-мәні кең орын алады.
Хакім Абай білім-ғылымға, өнерге
сергек қарайды. Оны оқып-білу,
үйрену керектігіне көп көңіл
бөледі. Оған қатысты: «Адам
көңілі шын мейірленсе, білім-ғы-
лымның өзі де мейірленеді, тезірек
колға түседі», — дейді. Одан кейінгі
жерде: «...ғылымды, ақылды сақ-
тайтұғын мінез деген сауыты бар.
Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқы-
зарлықпен, жеңілдікпен, я біреу-
дің орынсыз сөзіне, я бір кез кел-
ген қызыққа шайқалып қала
берсен, мінездің беріктігі бұзыла-
ды. Одан соң оқып-үйреніп те
пайда жоқ. Қоярға орны жоқ бол-
ған соң, оларды қайда сақтайсың?
Қылам дегенін қыларлық, тұрам
дегенінде тұрарлық, мінезде аз-
ғырылмайтын ақылды, арды ақ-

тарлық беріктігі, қайраты бар
болсын? Бұл бір ақыл үшін, ар
үшін болсын!» дегенді анық айта-
ды. Ақыл-парасат, ар-намыс,
жүрек ісі жоғары қойылады. «Хақ-
тың бір аты — Алла, ғылым — Алла-
ның бір сипаты» дегенді баса
көрсетеді. Иман ісін алға шы-
ғарады. Білім-білікті, дін-дәстүрді,
өмір тағылымын үлгі етеді.



*«Қара сөздердің» асыл арқауы мен
басты бағыттары — адам
әлемін ашуға арналады. Адам
мұраты мен адамшылық жолы, ар
мен ұяттың маңыз-мәні кең
орын алады.*



үлгісі. Абай әлемінің асқақ даңқы,
биік тұғыры, көркемдік кеңістігі,
мәдени-рухани айнасы.

Хакім Абайдың «өз сөзім-өзім-
дікі» екенін анық аңғартар — «Қара
сөздер» мұрасының тұтас табиғаты
мен тағылымынан: өмір тәжірибесі
мен өнер өлкесіндегі көрген-білген,
танып-түйген жайттары ұлттық
тұрғыдан байыпты сараланып,
ақыл-парасат арнасы, білім-білік
көрінісі, талғам таразысы уақыт
бедерімен байланыс-сабақтастықта
өріс алып, одан елдік-қоғамшыл
қасиеттері кең көлемде танылатын-
дықтан, ұлт мұраты мен рухания-
тының арналы бастаулары мен
қазыналы қайнарлары, мәдени-
рухани Һәм көркемдік-эстетикалық
құндылықтары айқын аңғарылады.
Демек, хакім Абайдың «Қара сөз-
дер» атты қазыналы кеңістігі —
халқымыздың арғы-бергі кезендер-
дегі жемісті жетістіктерін, келеңсіз
кемшіліктерін қатар көрсеткен,

екені анық. Ендеше хакім Абай-
дың мұра-мирастары — плане-
тарлық тұлғаның биік болмысын,
ерен еңбегін, көзқарасы мен
қолтаңбасын, қиял қанаты мен
калам қуатын айқындап, дарын
даралығы мен талант табиғаты-
ның асқақ айбынын, біртұтас
бедерін, даңқты тұғырын, теле-
гей құбылысын терең танытады.

Анығында, Абайдың әлемдік
данқы — жалпыадамзаттық мәсе-
лелерге жіті назар аударып, тақы-
рып әралуандылығы мен ерекше-
лігіне орай дарын даралығын
асқақ дауысымен, биік болмыс,
ерен еңбек, талант қуатымен
терең танытады. Абайдың мұра-
мирасында елдік мүдде мен
ұлттық көзқарас, дәстүр мен
дүниетаным арналары, ақыл мен
парасат, білім мен ғылым ісі, тарих
пен таным тоғысы, тәлім-тәрбие
иірімдері алғашқы кезеңде көрініс
береді. Ал планетарлық тұлғасы
— әлемдік ақыл-ой алыптарымен
тең дәрежеде көрініп, жер-
жаһанның аман да бүтін, геосаяси
ахуалдың тұрақты, халықаралық
қоғамдастық, әлемдік экожүйе,
серіктестік, ынтымақтастық мәні,
Алла мен адамзатты сүю, Отан
мен отбасындағы тыныштық
сынды ортақ жайттар асқақ
естіліп, сөзі мен ісінде тұтастық

АБАЙ — ҰҒЫМДАР


жайы, адам өмірі мен еңбегі, баки
мен фәни дүние, баянсыз тірлік,
тағдыр талқысы, балалық пен
жастық шақ, жігіттік пен кәрілік
мәні, әдет-дағды, дәстүр, мінез
құбылысы, жан-жүрек, көңіл
толқындары, дос-дұшпан сипаты,
ақыл-парасат, ар-намыс, жалған-
дық пен надандық, бос мақтан,
негізсіз дақпырт, бейқамдық нақты
да нанымды беріледі.

«Сегіз аяқ» — тақырыбы бөлек,
жүйе-түрі ерек, мағынасы мен
мазмұны терең, көлемді де көркем
өлендердің бірі. Әрбір шумағы
сегіз жолдан тұратын туындының
ой-сөз жүйесі мәнді, мазмұн-түй-
ні нәрлі болып келеді. Ақын мұра-
ты айқын: көрген-түйген тәжіри-
бесі негізінде қоғам құбылысын,
заман шындығын, адам өмірі мен
еңбегінің әрқилы сәттерін жан-
жүректен толғап, көңіл толқы-
нында тербеп, осы арқылы қорда-
лы ойлары мен толғаныстарын
еркін айтып, мәнді өрістетіп,
көркем дамытып, жүйелі жеткізеді.
«Толғауы тоқсан қызыл тіл» мүм-
кіндігі алыс-жақынға жетіп, жан-
жүректі тербеп, бойға жайылады.
Көңілді кернеп, ой-сезімді қозғай-
ды. Алыстан тартып, қиядан
шалып, бойды билеп, ерікті алып
та сөз жүйесі кең өріс алады. «Өт-
кірдің жүзі, Кестенің бізі, Өрнегін
сендей сәла алмасын» да анық
аңғаруға болады. «Көңілсіз
құлақ — ойға олақ» екені де терең
танылады. Жұрт жадындағы надан
жанның: «Басында ми жоқ, Өзінде
ой жоқ» еріксіз сиқын, мәнсіз

дың бүтін болмысы, ішкі-сыртқы
көріністері, тұтас мүсіннің жарасы-
мы кең түрде суреттеледі. Алғашқы
тұстан-ақ жас сұлудың кең маңдай-
лы келбеті, нұрлы жүзі, қара көзі
өзіне тартып, баурап алады. Ақша
жүзін айдай қара қасы, алқызыл
түске енген ажар-көркі де барынша
кең түрде ашып, шуақ-сәулесімен
нұрландыра түскені де анық.

Сонымен қатар Абай өлендері
арасында жыл мезгілдерін, табиғат
көріністерін кең көлемде көрсе-
тетін туындылары да бар. Аталған
өлендер жыл мезгілдерін, табиғат
құбылыстарын әр қырынан ашып,
мәнді ой қозғап, айнала-әлемнің
көркем суреттерінен сыр шертеді.
Әр алуан ізденіс, көрініс-суреттер,
өзара салыстыру, салғастыру тұс-
тарынан қоғамдық құбылыстар,
адам әлемі, өмір кезеңдері, енбек
мұраты ақиқат жайттарымен назар
аудартады. Образбен ойлау жүйесі,
бейнелі құралдар мәні, әрқилы
салыстыру сипаттары да нанымды
өріс алады. Адам әлемін, өмір та-
ғылымын, табиғат ғажайыптарын,
уақыт рухын бейнелі көрініс-
суреттер, шынайы шындықтар
арқылы жеткізу мұраттары айқын.

«Қара сөздер» мұрасында хакім
Абай ұлт мұраты, елдік мүдде
мәселесін — еңбек, білім, ғылым,
өнер төңірегінде кеңінен өрбітеді.
Алыс-жақын елдердің өмір-тұр-
мыс, кәсіп-дағдыларына, дәстүр-
леріне ден қояды. Олардың білім-
ғылымға, еңбекке, өнерге, саудаға
бейімділігі, содан алға озып, ілгер-
легені үлгі етіледі.



Абайдың «Қара сөздер» атты
прозалық мұрасы жанрлық жағы-
нан дәстүрлі әдеби туынды немесе
әңгіме, естелік, мемуар үлгісі емес.
Сондай-ақ, оқиғалы-сюжетті,
толғам-толғаныс, нақыл-өсиет
сөздер жиынтығына да жатпайды.
Біздіңше, Абай әлемінің өн бой-
ынан берік орын алған арғы-бергі
кезең шындықтары, өз дәуірінің
көріністері, ақиқат жайттардың
жиынтығы басым бағыттарға ие
болады. «Қара сөздер» қазынасы
қоғам мен адам қарым-қатынасы-
ның берік байланысын, уақыт
тынысының белгі-ерекшеліктерін
бедерлі бейнелеген жан-жүрек пен
көңіл тоқынының көркем шежі-
ресі. Тақырыптық-жанрлық ерек-
шелігі бар, болмысы бөлек, маз-
мұны ерек, тілдік мәнері, стильдік
құбылысы өзгеше қазыналы биік.
Өмір тағылымының, тарих пен
танымның өрнекті өнегесі, үздік

сондай-ақ адам мұратын, өмірі мен
еңбегін, ақыл-парасат нұрын, білім-
ғылым жүйесін, дін мен дәстүрді,
тарих пен танымды, мәдениет пен
тілді тағы сол сияқты жүрек әмірі
мен көңіл таразысына тартылып,
тәжірибе тәлімімен байланыста
баяндалатын парасат-пайымы мол
тағылымды туынды.

Жинақтап айтқанда, хакім
Абайдың шығармашылық қазы-
насы — әлемдік даму үдерістермен
сабақтасып, тақырыптық ерекше-
лігімен, мазмұн-құрылым жүйесі-
мен тұтастық сипат құрап, көркем-
дік кеңістігімен ұштасып, мә-
дени-рухани Һәм эстетикалық
құндылықтарымен жалғастық
тұрғысынан байып-толығып тұр-
ғаны айқын аңғарылады. Әлемдік
құбылыс, даму үрдістерімен үндес-
тік тауып, сабақтастық желі-жүйе-
сімен тамырластық сипат алуы —
планетарлық тұлғаға тән ерекшелік

танылып, адамгершілік мәнін,
жауапкершілік жүгін терең сезін-
іп, елдік мүдде, ұлттық құндылық-
тарды бәрінен биік қойып, оны
тиісінше байыпты барлап, зерт-
теп-зерделеп, кеңінен дәріптеген-
діктен, ел жадынан, ұрпақ зерде-
сінен, даңқ тұғырынан мәңгілік
орын алды. Бұл — планетарлық
тұлғаға тән басты ерекшелік, жал-
пыадамзаттық өрнекті өріс, ұрпақ
алдындағы ұлағатты өнеге екені
анық. Хакім Абайдың — «Толық
адам ілімінің» адамзаттық мәні,
планетарлық тұлғаға тән басым
бағыттары, ұлт пен ұрпаққа ортақ
асыл мұраты, адамгершілікке не-
гізделген үлгілі үрдіс, өрнекті өріс-
ке толы қымбат қазынасы, байтақ
әлемі мен ұлағаты осыған саяды.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

ЗЕРДЕ

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жасанды интеллектке негізделген AI-Sana бағдарламасы кең ауқымда жүзеге асып жатыр. Университет ректоры Ерлан Сыдықовтың айтуынша, бұл бастама білім беру мен зерттеуді жаңа деңгейге көтеріп, студенттерді технологиялық кәсіпкерлікке баулуға мүмкіндік беруде. Бағдарлама аясында оқу үдерісі өзгеріп, стартаптық экожүйе қалыптасуда. Сонымен қатар халықаралық серіктестік пен цифрлық инфрақұрылым да кеңейе түскен.

— Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Мемлекет басшысына жасанды интеллект бойынша AI-Sana бағдарламасын ұсынған еді. Бұл бастаманың басты мақсаты қандай?

— Бұл бастама елдің ғылыми-технологиялық дамуына жаңа серпін бере отырып, білікті кадрларды даярлау және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. AI-Sana — бұл студенттер арасында жасанды интеллект дағдыларын жан-жақты дамытудың бірегей бағдарламасы десек те қателеспейміз. Ол 100 мың қатысушыны қамти отырып, ұлттық экономиканың әлеуетін ашуға және технологиялық кәсіпкерлікті қолдаудың алғышарттарын жасайды. Сондай-ақ Қазақстанның технологиялық және экономикалық өсуінің драйвері бола алатын DeepTech-стартаптарды құруға ерекше назар аударылды. Бағдарлама халықаралық сарапшылардың қатысуымен әзірленгенін айта кеткен жөн. Бұл серіктестер бағдарламаға жаһандық тәжірибе мен жергілікті қажеттіліктерді біріктіруге мүмкіндік беретін озық білім мен ең жақсы тәжірибеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

AI-Sana білім беру, зерттеу және қолданбалы тәсілдерді біріктіруді қамтиды. Атап айтқанда: ЖИ саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қалыптастыру; экономиканың негізгі салаларына ЖИ енгізу үшін мамандар даярлау; жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары базасында DeepTech-стартаптарды құруға ықпал ететін тұрақты экожүйені құру. Бағдарлама жоғары оқу орындарына дәстүрлі білім беру форматынан ғылыми-зерттеу форматына көшуге мүмкіндік бере отырып, оқыту мен зерттеу тәсілдерін түрлендіруге бағытталған.

AI-Sana стартапы ұлт идеологиясын қалыптастырудың негізгі драйверлерінің бірі болады. Бағдарлама болашақтың ғылым-



ды қажет ететін экономикасын қалыптастыру үшін платформалық экожүйені құра отырып, адами капиталды дамытуға, жоғары технологиялық шешімдерді енгізуге және технологиялық кәсіпкерлікті қолдауға ықпал етеді.

Еліміздің бұл бағдарламаны қолға алғаны қуантады. Себебі жасанды интеллект — жаһандық бәсекелестіктің маңызды факторы. Басты мақсаты — жасанды интеллекттің ел экономикасына, білім жүйесіне, еңбек нарығына ықпалын арттыру. Түпкі мақсаты — мамандар мен стартаптарды жан-жақты оқыту, оларға салалық шешімдер мен жасанды интеллектті отандық экономикаға енгізу үшін қолайлы жағдай жасау, сонымен қатар жасанды интеллект негіздерін меңгерген студенттер санын арттыру ғана емес, оларды осы білімді қолдана алатын маманға айналдыру. Мұндай мамандар кез келген компанияға өте қажет. Өйткені жасанды интеллектпен жұмыс істеу — бағдарламашылардың ғана ісі емес, ол басқа да мамандар үшін пайдалы құралға айналып отыр.

— Бағдарламаның AI-Sana деген атауы нені білдіреді?

— AI-Sana деген жасанды интеллекті мен қазақтың сана деген сөзінен алынған. ЖИ-дің білімі бар, бірақ сезімі жоқ. Бұрын

дағы бір компанияда 700 графикалық дизайнер жұмыс істеген. Бірақ кейінгі екі жылда жасанды интеллекттің сурет салуды үйренуі нәтижесінде олардың саны 30 адамға дейін қысқарды. Бірақ қалған 30 дизайнердің өзі сурет салумен айналыспайды. Қазір олар Prompt Engineer, яғни алгоритмдерге дұрыс тапсырма беретін мамандар ретінде қызмет етуде. Бұл — еңбек нарығының түбегейлі өзгергенінің дәлелі. Ендігі жерде бір ғана алгоритм жүздеген адамның жұмысын атқара алады. Сондықтан AI-Sana бағдарламасының әзірленуі тегін емес. Оның мақсаты — еліміздегі мамандарды осындай технологиялық өзгерістерге бейімдеу.

— Бағдарлама университеттерге қандай өзгерістер енгізді?

— Университеттер ЖИ-ді дамытуда айтарлықтай жетістікке жетіп отыр, жастардың жаңа тех-

өтеді. Алдымен олар алгоритмдер мен машиналық оқыту негіздерін игереді. Одан кейін өздерінің жеке жобаларын әзірлеп, оны тәжірибеде сынайды. Соңғы кезеңде стартаптарын инвесторларға таныстырады. Біз жасанды интеллект арқылы студенттердің кәсіпкерлік қабілеттерін дамытқымыз келеді. Студенттер белгілі бір саланың маманы болуымен қатар, сол салада алгоритмдердің көмегімен өнімділікті арттыруды үйренеді. Қазір студент, магистрант, докторанттардың диплом қорғау тақырыбының дені осы жасанды интелектің байланысты болып отыр.

— Университетте DeepTech-стартаптарды қолдау қалай жүзеге асады?

— Инфрақұрылымсыз жасанды интеллектті дамыту мүмкін емес. Сол себепті үш ұлттық университетте суперкомпью-

асырады. Бағдарламаның түпкі мақсаты — жасанды интеллект негіздерін меңгерген студенттер санының артуы ғана емес, оларды осы білімді қолдана алатын маманға айналдыру.

Негізгі мотивация — студенттеріміз әзірлейтін және пайда әкелетін халықаралық деңгейдегі стартап алу ғана емес, басты мақсат — факультеттеріміз бен ғылыми-зерттеу институттарымыздың негізінде DeepTech стартаптарын құруға көмектесетін университет ішінде тұрақты экожүйені жақсартуды жалғастыру. Бұл мақсат AI-Sana бағдарламасының міндеттерімен толық сәйкес келеді.

— AI-Sana аясында шетелдік университеттермен қандай байланыстар орнады?

— Біздің университет бұл бағытта АҚШ, Қытай, Үндістан елдерімен тығыз байланыс орнат-

AI-SANA.



“**Мысал ретінде айтайын, Қытайдағы бір компанияда 700 графикалық дизайнер жұмыс істеген. Бірақ кейінгі екі жылда жасанды интеллекттің сурет салуды үйренуі нәтижесінде олардың саны 30 адамға дейін қысқарды.**

шығармашылық пен эмоциялық интеллектті қажет ететін мамандықтарға технологиядан төнетін қауіп жоқ деп келді. Алайда жасанды интеллекттің қарқынды дамуы бұл пікірді жоққа шығаруа. Мысал ретінде айтайын, Қытай-

нологияларға деген қызығушылығы өте жоғары. AI-Sana бағдарламасының басты мақсаты — жасанды интеллектті тереңдетіп оқыту ғана емес, өмірде қолдануды үйрету. Студенттер бірнеше кезеңнен тұратын оқу үдерісінен

терлер орнату жұмысы жүргізілді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер іске қосылды. Сәтбаев университетінде Huawei компаниясымен бірлесіп, нейрожелілерді оқытуға арналған заманауи сервер орнатылды.

Біздің Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде де жанарту жұмысы жүріп, суперкомпьютер Аккөл қаласындағы оқу базасына қойылды. Бұларды үш университет ғана емес, AI-Sana бағдарламасына қатысатын барлық студент бірдей пайдалана алады. Профессорлар мен студенттер өз жобаларын осы ортақ инфрақұрылымда жүзеге

қан. Мәселен, Лу Бань шеберханасы Еуразия ұлттық университетінде Тяньцзинь кәсіптік институтымен бірлесе отырып салынады. Бұл туралы Қытайда өткен «Дүниежүзілік кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту» конференциясы аясында Еуразия ұлттық университеті мен Тяньцзинь кәсіптік институтының ректорлары келісімге қол қойды.

Лу Бань шеберханасы — қазақстандық және қытайлық кәсіпорындардың ынтымақтас-тығына, кәсіптік білім беру саласындағы халықаралық алмасуға, Қазақстанның дамуы үшін техникалық таланттарды дамытуға, қазақстандық жастардың

ЗЕРДЕ

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ


жұмысқа орналасу және мансаптық өсу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін инновациялық білім беру алаңы болмақ. Шеберхана қызметінде жасанды интеллект технологиялары да қолданылатын болады. ЕҰУ-дағы Лу Бань шеберханасы биылғы жылдың қыркүйегінде ашылады деп жоспарлануда.

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен жүзеге асқан бағдарлама еліміздің цифрлық болашағына қалай әсер етуде?

— 2025 жылғы 28 қаңтарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметке елдегі ЖИ дамуын жеделдетіп, оны мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға енгізуді тапсырды. Бұл жобалардың сәтті жүзеге асуы заманауи цифрлық инфрақұрылымның қолжетімділігі мен кеңінен қолданылуына тікелей байланысты.



ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ



Президенттің «Әрбір қазақстандық жасанды интеллекттің артықшылықтарын, оның не үшін қажет екенін және онымен қалай дұрыс жұмыс жасау керектігін түсінуі керек» деп, цифрлық сауаттылықты дамытудың маңыздылығына тоқтала келіп, жаңа технологиялық жағдайда жұмыс істеуге дайын болуды тапсырды.

AI-Sana қазірдің өзінде студенттерді, мұғалімдерді және кәсіпкерлерді инновациялық даму және елдің цифрлық трансформациясы идеясы төңірегінде біріктіріп, Қазақстанның технологиялық болашағының тірек нүктесіне айналууда.

Бұл бағдарлама студенттер мен оқытушылардың ой-өрісін өзгертуге, университеттердің білім беруден ғылыми-зерттеу бағытына көшуін жеңілдетуге арналған. AI-Sana — болашақ дамудың стратегиялық құралына, инновациялар мен кәсіпкерліктің трамплиніне, сондай-ақ студенттік кезден бастап стартап — ұлтты қалыптастырудың идеологиялық негізіне айналады.

AI-Sana бағдарламасы университетімізді жетекші зерттеу университетіне айналдырудың стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді. Біз білім берудегі дәстүрлі академиялық көзқарастан салалардың нақты қажеттілікте-

ріне бағытталған ғылыми және қолданбалы үлгіге көшуге ұмтыламыз.

Барлық университеттер жоғары қызығушылық танытып, бағдарламаға белсенді түрде қатысуда. Әрбір ЖОО-да студенттердің саны әртүрлі болатынын ескеру маңызды, бұл сәйкесінше қатысу көрсеткіштеріне әсер етеді.

ЕҰУ AI-Sana бағдарламасын іске асыру бойынша елордалық төрт жоғары оқу орнының үйлестірушісі және кураторы. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Астана қаласының жоғары оқу орындарының жасанды интеллект (ЖИ) саласындағы құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған AI-Sana инновациялық бағдарламасын іске асыру аясындағы ынтымақтастық перспективаларын талқылауға арналған онлайн-кездесу болып өтті.

Кездесу барысында цифрландырудың барлық мүдделі тараптар үшін ЖИ саласындағы сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етудегі рөліне ерекше назар аударылды. Кездесудің негізгі мақсаты — Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Астанадағы AI-Sana бағдарламасы үшін жетекші университет ретіндегі рөлін айқындау. Нәтижесінде, ЕҰУ қаланың төрт жоғары оқу орнының үйлестірушісі және кураторы болып тағайындалды, оларға әдістемелік қолдау көрсетуге, үздік тәжірибесімен бөлісуге және бағдарламаның тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуге жауапты. Бұл университеттердің қатарына: Turan-Asana University, Esil University,

А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық университеті және Астана медицина университеті кіреді.

AI-Sana бағдарламасы аясындағы ынтымақтастық Астанадағы ЖИ саласындағы білім беру сапасын айтарлықтай арттыруға, Қазақстанның цифрлық экономикасын дамытуға елеулі үлес қосуға, сондай-ақ қаланың жоғары оқу орындары арасындағы

Coursera және Astana Hub ұйымдарымен тығыз байланыста. Бір ғана мысал, университет доценттері Coursera платформасында көптеген курстарды аяқтап, онлайн оқытуда ерекше нәтижелерге қол жеткізді. Салтанатты шарада олардың жетістіктері Coursera бас директоры Джефф Маджионкальданың сертификаттары, сондай-ақ естелік сыйлықтармен марапатталды.

«Қаржы» кафедрасының доценті Гауһар Қодашева 60 курсты аяқтап, белсенділік пен кәсібиліктің жоғары деңгейін көрсетсе, «Құрылыс» кафедрасының доценті Денис Цыгулев 31 курстан өтіп, оны платформа сарапшылары өте жоғары бағалады.

Бұл жетістіктер оқытушылар мен студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған ENU Faculty Training бірегей жобасының бір бөлігі болды. Бастама аясында ЕҰУ өз қызметкерлері мен студенттеріне Coursera білім беру ресурстарына университет қаражаты есебінен қол жеткізуге мүмкіндік берді.

ЕҰУ — Coursera компаниясымен оқытушылар мен студенттерді қамтитын бірлескен жобаны жүзеге асырған Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны. Бұл тәсіл қатысушыларға кәсіби өсу, өзін-өзі жүзеге асыру және өзекті құзыреттерді меңгеру үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

Қазақстандағы Coursera (BMG UpSkill) өкілдерінің айтуынша, ЕҰУ оқытушыларының платформадағы белсенділігі 200%-ға артқан. Университет студенттері де өз білімдерін кеңейту және жаңа дағдыларды алу үшін ресурстарды белсенді пайдаланады.

Заманауи талаптар біліктілікті үздіксіз арттыруды және оқытуға деген икемділікті талап етеді.



AI-Sana – болашақ дамудың стратегиялық құралына, инновациялар мен кәсіпкерліктің трамплиніне, сондай-ақ студенттік кезден бастап стартап — ұлтты қалыптастырудың идеологиялық негізіне айналады.

байланыстарды нығайтуға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. AI-Sana бағдарламасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Нәндік кезеңде барлық студенттерге қолжетімді жасанды интеллект бойынша негізгі онлайн тренинг өткізілсе, одан кейін іріктеу басталып, 100 мыңға жуық қатысушы тереңдетілген оқуға көшті. Осыдан кейін іріктеуден өткен перспективалы жобалар мен идеялар кейіннен MVP кезеңіне әзірленеді. Соңғы кезең стартаптарды қолдауды және олардың нарыққа шығуын қамтиды.

— **Huawei, Coursera және Astana Hub ұйымдарымен серіктестік қандай деңгейде жүзеге асып жатыр?**

— Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Huawei,

ENU Faculty Training жобасының жетістіктері цифрландыру және жаһандық білім беру ресурстарына қол жеткізу Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында ЕҰУ көшбасшылық ұстанымын нығайта отырып, кәсіби және даму үшін шексіз мүмкіндіктер ашатынын дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, цифрландыру, ғылымды жаңғырту және жасанды интеллект саласындағы бастамалар Қазақстандағы жоғары білім мен ғылым жүйесіне жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл инновациялар елдің цифрлық болашағын қалыптастырудағы маңызды қадамдар болмақ.

— **Сұхбатыңызға рахмет!**

**Сұхбаттасқан
Мейір ЖАСЫН**

МӘСЕЛЕ

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Елімізде қосымша білім саласында жаңа реформа басталды. Биыл қабылданған жаңа заң бойынша енді үйірмелер мен спорт секциялары өзінің ашылғаны туралы міндетті түрде жергілікті білім бөлімін не басқармасын хабардар етуге тиіс. Осы арқылы мемлекет тарапынан қосымша бақылау орнатылды. Мұның сыртында үйірме-секцияларға қатысты бірыңғай ваучер жүйесі өмірге жолдама алды. Осының арқасында енді бюджет ақшасы әрбір баланың соңынан «ереді».

А Айхан ШӘРІП

ДАУ-ШАРДЫ ВАУЧЕР ШЕШЕ МЕ?

Соңғы өзгеріс алдымен 6 қалада сыналады. Маусым-тамыз аралығында спорт, өнер және қосымша білім беру бағыттарында бірыңғай ваучер жүйесін енгізу бойынша пилоттық жоба іске қосылды.

Оқу-ағарту министрлігінің хабарлауынша, пилоттық жоба Астана, Шымкент, Қарағанды, Қызылорда, Атырау және Ақтөбе қалаларында өтеді. Негізгі мақсат — мемлекеттік және жекеменшік спорт секцияларын, шығармашылық үйірмелер мен қосымша білім беру курстарын бірыңғай цифрлық платформаға біріктіру. Сонда ата-аналар қажетті үйірме-секцияны бір жерден тандап, баласын тіркете алады.

Жобаның маңызды жаңалықтарының бірі — бірыңғай кезектің енгізілуі болды. Енді балалар 12 санат бойынша кезекке қойылады, онымен әлеуметтік осал топтағы және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар да қамтылған. Бұл ретте ваучерлер ең алдымен аз қамтылған және мүгедектігі бар балаларға ұсынылады. Қалғаны өзге санаттар арасында үлестіріледі.

— Шешуші жаңашылдық — ваучер енді ұйымға емес, балаға бекітіледі. Бұл балаларға спорт, шығармашылық және білім беру бағыттары арасында, мысалы, үйірме ұнамаса, спорт секциясына еркін ауысуына мүмкіндік береді. Яғни, қаржыландыру сақталады. Бұрынғыдай балаға қайтадан кезекке тұру талап етілмейді, — деді Оқу-ағарту министрінің орынбасары Майра Мелдебекова.

Тағы бір жаңашылдық — білім беру және шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларына бюджет ақшасы әрбір ай аяқталған соң балалардың қатысу фактісі бойынша ғана төленеді. Вице-министр қызмет ақысын мемлекеттің тек нақты көрсетілген сабақ үшін төлейтінін растады.

Әрбір баланың сабаққа қатысуы цифрлық жүйе арқылы күн сайын тіркеліп, қадағаланады. Ата-аналар баласына бөлінген бюджет қаражатын төлем түрінде тікелей өзі тандаған үйірмеге бағыттайды. Білім шенеунігінің сендіруінше, мұндай тәсіл артық есептілікті болдырмай, үдерісті ашық әрі әділ етеді.

Жоғарыда айтылғандай, егер үйірме балаға ұнамаса немесе оның шығармашылыққа бейімі болмаса, онда ата-анасы құжатты қайта тапсырмай-ақ басқа ұйымды не спорт секциясын тандай алады. Осыған бола баланың ваучерінің күші жойылмайды. Демек, ендігі бастысы ваучерге қол жеткізу болмақ.

— Бұл өзгерістер — жүйенің икемділігін арттырып, баланың мүддесі мен қажеттілігін ескеруге жол ашады. Біз мемлекеттік тапсырысты субьективті үлестіру тәжірибесінен бас тартамыз. Енді барлық талапқа сай ұйымдар цифрлық платформа арқылы өзі өтінім бере алады. Арнайы комиссия тексеріс жүргізіп, кәсіпкерді тізімге енгізу туралы шешім қабылдайды, — деді Майра Мелдебекова.

Жаңа ережелерге сәйкес, үйірме мен спорт секциясын ашқан кәсіпкерлерге

ҚОСЫМША БІЛІМГЕ ҚАТАҢ СҮЗГІ ҚАЖЕТ



бірнеше талап қойылады. Біріншіден, балалардың сапалы дамуын, өнер, білім мен спортты игеруін қамтамасыз ететін қауіпсіз инфрақұрылымы болуы, екіншіден, санитарлық және өртке қарсы нормалардың сақталуы, үшіншіден, мемлекет бекіткен білім беру бағдарламалары, төртіншіден, білікті мамандары болуы қажет.

Сондай-ақ бюджеттік қаражатты тек нысаналы мақсатына сай жұмсауға тиіс. Қатысушылардың келуі күнделікті түрде платформада цифрлық форматта тіркелуі керек. Ал бірыңғай платформа қаражаттың жұмсалуды ашық көрсетуді, процестерді автоматтандыруды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық схемаларын азайтуды қамтамасыз етеді.

МЫНДАҒАН ЖАЛҒАН «ҚАТЫСУШЫ» ТАБЫЛДЫ

Жалпы, 6 қаладағы сынақ қорытындысында жаңа жүйе жетілдірілмек.

— Жаңа модель — бұл тек техникалық жаңғырту емес, жүйені ашықтыққа, әділеттілік пен икемділікке бағыттайтын түбегейлі өзгеріс! Барлық мүдделі тараптың ұсыныстарын жинап жатырмыз. Қажет болса, қайта қарап, жүйеге өзгеріс енгізуге дайынбыз! — деген вице-министр пилоттық жоба нәтижесінде барлық ұсыныс пен тәжірибені ескеріп, алгоритмді кемеліне келтіруге уәде етті. Содан соң жаңа жүйе республика бойынша кезең-кезеңімен жаппай енгізілетін болады.

Ал Мәдениет және ақпарат министрлігі бірыңғай ваучер жүйесі бұрынғы жүйенің олқылықтарын жоюға бағытталғанын атап өтті. Мемлекет жыл сайын шығармашылық үйірмелерге, спорттық секцияларға және қосымша білім беру бағдарламаларына балалардың кен қатысуы үшін ондаған миллиард қаржы шығындап келеді. Алайда биыл жүргізілген тексерістер барысында қаптаған «күрделі заңбұзушылықтар» әшкереленген.

«Атап айтсақ, көбірек ақша игеру үшін балаларды жалған тіркеу, қосып жазу арқылы қатысушылар санын жасанды көбейтіп отырған. 164 секцияда сабақтар қарапайым пәтерлерде, санитарлық талаптарға сай келмейтін жерлерде және өзге тұрғын үй-жайда өткізілген. 6 өңірде бұрын сотталғандардың балаларды оқытуының 20 жағдайы тіркелді. Сондай-ақ 8 мыңнан астам бала-

ның жүйеде тіркелгенімен, сабаққа қатыспайтыны әшкереленді. Бұл фактілер алаяқтыққа, жалған есеп жүргізуге және бюджет қаражатын жымқыруға жол берілгенін көрсетеді», — деді Мәдениет министрлігіндегілер.

Бірыңғай ваучер жүйесін енгізу бойынша пилоттық жоба осындай заңбұзушылықтардың алдын алуды және балалар үшін қауіпсіз әрі сапалы жағдай туғызуды көздейді. Мәдениет ведомствосы да жаңа жүйенің бір ерекшелігі ретінде ваучердің бұдан былай білім беру ұйымына емес, тікелей балаға берілетінін атады.

Бірыңғай ваучердің екі түрі болады. Біріншісі — нысаналы ваучер, ол мемлекеттік мекемелерге, мемлекеттік үйірме мен секцияларға баратын балаларға беріледі. Олардан кезекке тұру талап етілмейді.

Екіншісі — әмбебап ваучер, ол басқа барлық балаға арналған. Олардың ата-анасы осы ваучер арқылы жекеменшік ұйымды цифрлық форматта тандай алады. Мұндай ваучер бойынша кезек баланың жасы мен отбасының әлеуметтік мәртебесіне сәйкес қалыптасады. Мысалы, әлеуметтік осал санаттағылар бірінші кезекте алады.

Жоба ведомствоаралық сипатқа ие, оған бірден 4 министрлік бірлесе жетекшілік етеді. Тарата айтқанда, Мәдениет және ақпарат министрлігі шығармашылық бағытқа жауапты. Туризм және спорт министрлігі спорттық секцияларды үйлестіреді. Оқу-ағарту министрлігі қосымша білім беру үйірмелерін бақылайды.

Ал Цифрлық даму министрлігі жобаны техникалық сүйемелдеуді және цифрлық инфрақұрылымын жетілдіруді жүзеге асырады. Мемлекеттік органдар бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді пайдаланылуының тың тетіктерін енгізу бойынша жүйелі жұмысты жалғастырмақ.

FACE ID МӘСЕЛЕНІ УШЫҚТЫРМАС ПА?

Реформа аясында 2024 жылғы 30 желтоқсанда Мемлекет басшысы Парламент қабылдаған «Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойған болатын.

Биылғы жылы толыққанды күшіне енген заңға сәйкес, мемлекеттік білім беру тапсырысын орындайтын немесе бюджет қаражаты есебінен ұсталатын қосымша білім беру ұйымдары үшін ашылар кезде «хабарлама жасау тәртібі» енгізілді. Осы арқылы біріншіден, әрбір жергілікті білім ведомствосы өзі жауапты ауыл, аудан, қала мен облыс аумағында қанша үйірме-секция барын біліп отырады. Екіншіден, жаңадан ашылғанына тексеріспен бара алады.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, бүгінгі күні орта білім (жеке мектептер) және техникалық-кәсіптік білім беру (колледждер) лицензияланады. Мектепке дейінгі білім беруде (балабақшаларда) хабарлама жасау тәртібі қолданылады. Алайда қосымша білім беру жүйесінде (үйірмелер мен секцияларда) лицензиялауда, хабарлама жасау тәртібі де болмады.

— Осыған орай қосымша білім беру қызметтерін ұсыну сапасын арттыру және балалардың қауіпсіздігін бақылау үшін заңға бұлар үшін де хабарлама жасау тәртібі енгізілді. Қосымша білім беру ұйымдары енді рұқсат құжаттарын ұсына отырып, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттерді өз қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабардар етуге міндетті болады. Мұндай тәсіл халықаралық тәжірибеде қолданылады. Тіпті, кей мемлекетте олардың жұмысы лицензияланады, — деді Ғани Бектайұлы.

Қалаулылар бұл қадамға мәжбүрліктен барып отырғанын жеткізді. Себебі елімізде нақты қанша үйірме мен секция барын бірде-бір мемлекеттік мекеме тап басып айта алмаған. «AMANAT» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ елімізде балаларға арналған мыңдаған қосымша білім беру ұйымы, түрлі дамыту орталығы, мектептен тыс бағдарламалар, тілдік және өзге қосымша дамыту курстары жұмыс істейтінін еске салды.

Бұған дейін олардың қызметін де, бағасын да ешкім бақылауда ұстамады. Мына заң бұл кемшілікті түзетеді деген үміт бар. Сонымен қатар депутаттың түсіндіруінше, осы хабарлау тәртібін бұзғаны үшін 25 АЕК (2025 жылы 98 300 теңге) мөлшерінде айыппұл салу көзделген.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов тағы бір былыққа назар аудартты: бір ғана Қызылорда облысында Artsport бағдарламасы бойынша тексеріс пен бақылау арқылы 18 миллиард теңге үнемделген. Әйтпегенде, сонша ел қаржысы жемқорларға жем болатын еді.

— Аталған аймақта «Артспорт» арқылы үйірмелерге келген балаларды Face ID-мен тексерген. Ол — бақылаудың мықты бір әдісі. Соның нәтижесінде бір аймақ 18 миллиард теңге үнемдеп отыр. Бұл бір аймақта ғана! Оны 20 аймаққа көбейтсек, жүздеген миллиард теңге үнемдеуге болады. Үйірме-секцияларға кім кіріп, кім шығып жатқанын қадағалау керек. Бірақ бұған Цифрлық даму министрлігі қарсы көрінеді, — деді депутат.

Мұны оның бірқатар әріптесі де құптамайды екен. «Қосымша білім беру ұйымдарында да, балабақшаларда да Face ID-ді, яғни әрбір баланың бет-жүзін танитын технологияны жаппай енгізу ұсынылып келеді. Бәлкім, жоба жаман емес те шығар. Алайда бізде Ата Заң бар, заңнама бар, оларда адам құқықтары бекітілген. Мысалы, адамды рұқсатынсыз фото, видеоға түсіруге болмайды. Балаларының бет-жүзін цифрландырып, оны пайдалануға ата-аналардан рұқсат сұралды ма? Қарсы болса, баласын қуып шыға ма? Бұл — өте маңызды мәселе. Егер біз оны барлық жерде енгізсек, мұның бәрі заңды, заң аясында болуға тиіс», — деді Мәжіліс депутаты Айтуар Қошмамбетов.

Ресми статистикаға сай, республика бойынша шамамен 1 713 қосымша білім беру ұйымы бар деп есептеледі. Алайда мемлекеттік тапсырыс 3,5 мыңдай ұйымға орналастырылған. Осының өзі саланы тәртіпке келтірудің қажеттігін көрсетсе керек. Бұл бағытта іс-қимыл басталып кеткенге ұқсайды.

ӨЗЕКТІ

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Шетелге жұмыс іздеп барып, қара жұмысқа жегілген қазақстандықтардың басы кеше ғана шекара асқан жоқ. Тек соңғы уақытта олардың қатары артып отыр. Мәселен, Еуропа елдерінде, Оңтүстік Кореяда түрлі шаруашылық жұмыстар істеп, тер төгіп жүрген отандастарымыз жайлы жиі естиміз. Нәпақасын шетелден табу қалыпты жағдайға айналғаны да рас. Қынжылтатыны – жоғары білімді азаматтар дипломын сандыққа салып, екі қолға шетелдің бір күрегін ұстап жүргені.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Шетелге азаматтар көбіне маусымдық жұмыс кезінде аттанады. Яғни, климатқа, ауыл шаруашылығының кезеңдік ерекшеліктеріне және туризмнің белсенді уақытына байланысты белгілі бір уақыт аралығында 3-6 айға ауыл шаруашылығы, өндірістегі қаптама жұмысы, құрылыс және жөндеу жұмыстары және т.б. жалданады. Қазақстандықтар маусымдық жұмысқа Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Польша, Чехия сияқты елдерге жиі барады. Қазақстан азаматтары үшін осындай маусымдық жұмыс үшін шетел асу деректері соңғы уақытта едәуір артқан. Қарапайым мысал, 150 мыңға жуық қазақстандық қазір шетелде қара жұмыс істеп жүр.

МАУСИМДЫҚ МИЛЛИОНЕРЛЕР

Кейіпкеріміз Жарас Қаппарұлы — айлық табысының аздығынан Шотландияға жұмыс істеуге барғандардың бірі. Инженер-электрик мамандығын игерген 26 жастағы азамат Ұлыбританияға қатарынан екі жыл



ШЕТЕЛДЕ ЖҮР КӨП ҚАЗАҚ

оны өзіміз төлейміз. Шетелде жұмыс істеудің қиындығы жоқ, тек алғаш келгендер үшін климатқа сіңу қиын болады. Фермада ТМД елдерінен келген азаматтар көп. Жұмыс маусымы біткенде елге барып қайтамын. Әзірге жұмысымды ауыстыру ойымда жоқ. Өйткені мұнда жақсы табыс тапқан соң, елге барып төмен жалақыға жұмыс

да айтып отырғаны сол — табыс көзінің аздығы. Темір өндіру зауытында жұмыс істеп жүрген кейіпкеріміз шетелде жұмыс істеудің қиын екенін жасырмады.

жерің ауырып ауруханаға барсан, сақтандыру жоқ болған соң удай бағаға емделу керек. Кейде көшелерде иммиграциялық рейдтер жүреді. Соған ілініп қалсан, елге қайтарып жібереді. Сөйтіп, ұсталмауға, сақтанып жүруге тырысасың. Бұрын шетелге шықпаған соң гастербайтер өмірін түсінбеуші едік. Қазір соның күйін кешіп жүрміз. Әсіресе, тіл мәселесі қиындық тудырады. Егер тіл білмеген жағдайда кәрістер жұмыстан оп-оңай шығара салады, — дейді ақтарылған азамат.

Елден жұмыс іздеп шыққандар көп баратын көш бастап тұрған елдің қатарында Англия да бар. Ресми тіркелгендердің ішінде 6 мың азамат Англияға кеткен. Барлығы дерлік өсімдік өсірумен шұғылданады.

— Бұрын 300 мың теңге табу үшін екі жұмыста қатар қызмет етіп, тырмысып жүретін едім. Ал Англияға келгеніме 3 апта болса да, алғашқы аптадағы табысым 300 мыңнан жоғары болды. Бұл елге 6 айлық маусымдық келі-

нан 1 миллионға теңгеге дейін ақша берген 6 облыстың бір топ адамы сан соғып қалған. Бұл қаражат — олардың ұйымдас-тыру жұмысы мен анкета тол-тырауына жұмсалған. Заңнамаға сәйкес, шетелге жұмыс күшін жіберу құқығы жекеменшік жұмыспен қамту агенттіктеріне берілген. Қазір Қазақстанда ресми тіркелген 60-тан астам агенттік бар. Заңгер Эльнура Кішкенебаеваның айтуынша, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, әр азамат еңбек етуге және жұмыс орнын еркін таңдауға құқылы. Бұл құқық шетелде де сақталады. Алайда заңсыз делдалдар арқылы жұмысқа орналасқанда түрлі қауіп туындайды.

— Шетелге жұмысқа бармас бұрын, әр азамат бірқатар ма-ңызды жайтты есте сақтаған жөн. Ең алдымен, жіберуші компания Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркел-генін және оның ресми лицен-зиясы мен заңды еңбек шарты бар-жоғын анықтап алуы керек. Ал азаматтарымыздың еңбек құқықтарын қорғау мәселесімен консулдар, яғни Сыртқы істер министрлігі айналысады. Жал-пы, азаматтар шетелге шыққан-да жекеменшік агенттіктер де оларды елге қайтару міндетін өз мойнына алады. Заңды түрде шыққан азаматтарға Еңбек кодексінің нормалары қолданы-лады. ЕАЭО елдерінде еңбек ету-ге жеңілдетілген тәртіп те бар, — дейді заңгер Э.Кішкенебаева.

Еліміздегі негізгі еңбек күші — жастар. Алайда соңғы жылдары шетелге ағылып жатқан жастар-дың саны артып жатқаны елдегі жұмыссыздық мәселесінің қылаң беріп тұрғанымен сәйкес келеді. Яғни, жұмыссыз жүрген жастар белді буып, шекараның ар жағын-дағы елге бас сұғуда. Экономист Бекнұр Қисыков бұл құбылысты иммиграциялық процесс екен түсіндіріп берді.

— Азаматтарымыздың шет-елде жұмыс істеуі — мәселе емес, мүмкіндік. Бұлай деуімнің себе-бі бар. «Жұмыс күші кетіп қал-ды, бұл экономикаға әсер етеді» деген пікір шындыққа сәл тура келмейді. Біріншіден, біздің экономикалық қорымыз сонша-лықты үлкен емес, екіншіден, Қазақстанға келген иммигрант-тар кеткендердің орнын басады. Әсіресе, Өзбекстаннан, Қыр-ғызстаннан, Тәжікстаннан, тіпті Үндістан мен Африкадан келіп жұмыс істеп жүргендер саны артып келеді. Демек, бұл — табиғи процесс. Естуімше, біз-ден кеткен азаматтардың көбі АҚШ-қа, Кореяға, Албанияға барып жұмыс істейді. Негізі, экономикалық жағдайы жағы-нан топ 10 елге кіретін елдерге барып жүрген жастарымыз жақсы табыс тауып келеді, — дейді Бекнұр Қисыков.

Шетелде қара жұмыстың қамытын киіп жүргендер көп. Қалтасы қалындаған сайын, атамекеніне де сағынышы арта береді. Күнкөрістің қамымен алыс кеткендердің мақсаты бір, әрине — жақсы табысқа кенелу. Алайда шетел асу — табысты арттырудың жалғыз жолы емес.



барыпты. Айтуынша, қолына алатын қаражаты қомақты.

— Шотландияда саңырауқұ-лақ өсіретін фермада істеймін. Аптасына 300-350 мың теңге көлемінде аламын. Есептесеңіз айлық еңбекақымыз миллион-ның үстіне шығады. Ангарда өсіп тұрған саңырауқұлақты баппен теріп, пластикалық қап-тамаларға орналастырамыз. Жұмыс уақыты таңғы 7-де бас-талып, 16:00-де аяқталады. Фер-ма бізге тек пәтер тауып береді,

істегім келмейді, — дейді кейіп-керіміз.

Ол бұл жұмысты әлеуметтік желіден тапқан. Өтінім растал-ғаннан кейін жуық арада виза дайындап, жұмысқа қарай бағыт алды.

Ал Әділхан Сұлтан — Оңтүс-тік Кореяда жұмыс істеп жүрген қазақстандық. Мамандығы «Ал-ғашқы әскери дайындық» пәні мұғалімі болғанымен, педагогтік қызметті атқармай, табысын шетелден іздеген. Өйткені оның

— Кореяға келгеніме 4 жыл-дан асты. Елімізде де жұмыс табылады. Бірақ істемедім. «Неге?» дейсіз ғой. Жұмысқа тұруым үшін бөлен ақша керек, оны өтеу үшін тағы 2-3 жыл те-гін істеймін бе? Нар тәуекел дедім де, Кореяға келдім. Темір өндіреміз. Жұмыс қауырт. Бір жақсысы, мұнда қазақтар көп. Дегенмен мұндағы қазақтарға бәрі оңай емес. Қазақстан аза-маттары заңсыз жүреді. Көп жерде құқығы қорғалмайды. Бір

сімшартпен келдім. Ньюпент (Newent) қаласында өсімдік өсірумен айналысатын фермада жұмыс істеймін. Шетелде қыз-мет етудің қиындығы да, артық-шылығы да бар. Байқағаным, бұл жерде адамның уақыты ба-ғаланады. Жұмыстың әр сағаты-на ақы төленеді. Танертеңнен түске дейін тоқтаусыз жұмыс істейміз, бірақ жүйе мен тәр-тіпке қарап, еңбекке деген ынта артады. Білуімше, елден кеткен көп жас қара жұмыспен айналы-сады: зауыт, құрылыс, басқа да өндіріс компанияларында. Мұнда Орталық Азиядан келген азаматтар бірден көзге түсеміз, — деді Ислам Айдарханұлы.

Ресми тіркелген-дердің ішінде 6 мың азамат Англияға кеткен. Барлығы дерлік өсімдік өсірумен шұғылданады.

«ҚАЛТАНЫ ДА, ҚҰҚЫКТЫ ДА ОЙЛАУ КЕРЕК»

Бүгінде табысын сырттан іздейтіндер үшін арнайы жеке компаниялар да құрылған. Олар: «Айлық табысы жоғары елдерден жұмыс тауып береміз, елге қалтаны қалыңдатып қай-тасыздар», — деп жалған үмітке сендіреді. Мұндай сенімге ар-балғандар да бар. Жақында Англияға жұмыс істеуге шақыр-ған жеке компанияға 600 мың-

МӘДЕНИЕТ

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Өнер жолы - ең күрделі де мағыналы жолдардың бірі. Бұл салаға тек арманы мен мақсаты айқын, жүрегі шынайылықты жақсы көретін жандар ғана қадам басады. Жас болса да, сахнамен сырласатын, өмірін өнерге арнаған актриса Диана Жолдыбектің өнердегі жолы мен арманы жайлы өзінен сұрадық.

Диана ЖОЛДЫБЕК,
актриса:

Өнер – ШЫНДЫҚТЫ ТАНУДЫҢ ТӘСІЛІ

— Театрға деген қызығушылық қай кезден басталды?

— Мен бала кезімнен теледидарға қызығып өстім. Әсіресе, кешке қарай отбасымызбен бірге көретін түрік сериалдары ерекше әсер қалдыратын. Ол сәтте экрандағы актерлердің шынайы эмоциясы, көзқарасы, дауыс ырғағы мені баурап алатын. Сол кезде, бәлкім, түсініп үлгермесем де, актер болуға деген ішкі ықылас оянды. Әр сериалдан кейін: «Мен де өскенде осындай әртіс боламын!» — деп күліп айтатынмын. Айналамдағылар оны жай әзіл ретінде қабылдаса да, бұл сөз менің бала жүрегімде нағыз арманға айналды. Мектеп бітірген соң, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетіне оқуға түстім. Бұл өмірімдегі бетбұрыс еді. Театрмен алғаш бетпе-бет келіп, сахнаның иісі мен магиясын сезіне бастағанда, бала кездегі армандарым қайта тірілді. Ұстаздарым Ақыш Омар мен Жанқалдыбек Төленбаев бізді театр әлемімен таныстырып, бағыт-бағдар берді. Осы кезден бастап мен театрды тек мамандық емес, өмірлік миссиям ретінде қабылдадым.

— Бала кезіңізде қандай рөлдерді ойнауды армандадыңыз?

— Жоғарыда айтып өткенімдей, мен түрік сериалдарына қатты қызығып өстім. Соның ішінде, «Дениз» телесериалының фанаты болдым десем артық емес. Сол сериалдарды көріп отырып: «Өскенде осындай қызықты сериалдарда ойнаймын, теледидардан мені көрсететін болады», — деп армандайтынмын. Театрдың не екенін әлі толық түсінбей тұрып-ақ, өзімді экрандағы жұлдыз ретінде елестететінмін.

— Университет қабырғасында жүргенде театрмен байланысты қызық сәттер болды ма?

— Иә, әрине, ондай сәттер көп болды. Соның ішінде екеуі ерекше есімде. Біріншісі — 1-курста болған жағдай. Ол кезде кастингке қатысып, бірақ өте алмай қалдым. Екінші рет оқуымды аяқтауға жақын қалғанда тағы бір кастингке қатыстым, тағы да жолым болмады. Тек үшінші мүмкіндікте ғана театрға актриса ретінде қабылдандым. Сәтсіздіктер мені сындырған жоқ. Керісінше, шыдамдылық пен табандылыққа үйретті. Бұл менің өз-өзімді дәлелдеу жолындағы алғашқы нақты қадамдарымның бірі болды. Әр нәрсенің өз уақыты барын сол кезде түсіндім. Қазір қарап отырсам, сол сәтте қабылданбағаным ашауына шын қуаныштымын. Кейде біз қаласак та, Құдайдың өз қалауы, өз уақыты болады екен. Бұл өмірлік сабақ менің жадымда мәңгі сақталады.

— Психологиялық жағынан ең қиын болған рөл қандай және не үшін?

— Психологиялық тұрғыдан аса қиын рөлдер әлі бола қойған жоқ. Мүмкін, бұл менің жас актриса екеніммен байланысты шығар. Бірақ мен үшін ерекше жаңалық — «Қызыл орамалды шынарым» спектакліндегі Хадиша рөлі болды. Бұл рөлде Хадишаның жан-дүниесіне кіруге барынша тырыстым. Өзімді оның орнына қойып, «Неге ол солай жасады? Неге басқаша шешім қабылдамады?» — деген сұрақтар көп маза-лады. Бұл ішкі ізденісті талап ететін терең кейіпкер болды.

— Шынымен де, Хадиша рөлі — көпшілік үшін күрделі әрі жағымсыз кейіпкер. Бұл рөлді алғаш қабылдағанда қандай сезімде болдыңыз?

— Егер маған таңдау берілсе, мен міндетті түрде Хадишаны тандар едім. Бұл рөлге эмоциялық жағынан көп басымдық берілген. Театрға алғаш келген кезден бастап дәл осы рөлді ойнауды арман-

дадым. Сондықтан бұл рөлге дайындық мен үшін жауапты әрі жүрекке жақын кезең болды.

— Хадиша рөлі сізге өмірде қандай сабақ берді?

— Хадиша — жаралы жүрек иесі. Ол тек махаббатты, сүйіспеншілікті аңсады. Бірақ қанша әдемі, сұлу болса да, махаббат оған бұйырмады. Мен бұл рөл арқылы махаббат — екіжақты процесс екенін түсіндім. Егер бір тарап қана күресіп, барын

детальға мән бердім, серіктестеріммен тығыз жұмыс істедім. Нәтижесінде, бұл рөлді абыроймен алып шықтым деп ойлаймын.

— «Жошы хан» — көрерменнің жүрегіне жеткен тарихи спектакль. Ал сіз сомдаған Бектомыш рөліне қалай дайындалдыңыз? Бұл рөл арқылы көрерменге қандай ой жеткізгіңіз келді?

— Бектомыш рөлі — менің тарихи жанрдағы алғашқы басты

ұрпақ сүйе алмағаны — оның ең үлкен трагедиясы. Мен бұл ауыр күйді түсінуге тырыстым. Себебі адамның болмысы — оның көрген ауыртпалығының көрінісі. Осы сынды жеке трагедияны жеткізу арқылы көрерменге: «Кез келген тарихи кейіпкердің де жан дүниесі бар» деген ой тастағым келді.

— Өнер адамы болуды бір сөйлеммен сипаттай аласыз ба?

— Өнер адамы болу — тірі болу, өмір сүру. Бұл — шын сезінудің жолы.

— Алдағы уақытта қандай рөлдерді немесе қандай жанрларды көбірек сомдағыңыз келеді?

— Жастық шағымды бекер өткізгім келмейді. Барлық жанрда өзімді сынап көргім келеді. Қиыны болсын, оңайы болсын — әр рөл маған жаңа қыр, жаңа түсінік сыйлайды. Суыққа да, отқа да түсіп көруге дайынмын. Мен үшін бұл — өмірлік эксперимент.

— Ұстаздардан алған ең құнды кеңес қандай?

— Менің ұстазым Ақыш Қоңыртайұлы әрдайым: «Мен ешқашан «жок» демеймін. Менің жауабым — әрдайым «иә». Өмірдің кез келген сәтіне «иә» деп жауап беремін», — дейтін. Бұл — мен үшін үлкен бағыт. Қателессек те, ол бізге: «Бәлкім, басқаша көрерсін», «басқаша ойнап көр», — деп айтып, алға жетелейтін. Бір ғана «иә» деген сөзімен бізді дұрыс жолға сала білді. Бұл кеңесті тек сахнада емес, өмірде де қолданамын.

— Бес жылдан кейін өзіңізді басқа салада елестете аласыз ба?

— Бес жыл өтсін, он жыл өтсін — мен өзімді тек өнер жолында елестетемін. Мүмкін, бір сәттік үзіліс ретінде ана болу кезеңі ке-



салса, ол махаббат сәтті аяқталмайды. Бұл рөл маған «Біреудің махаббатынан өзінді құра алмайсың» деген терең ой салды. Жалпы, меніңше, өнер — шындықты танудың бір тәсілі сияқты.

— «Бопай ханымдағы» жас Бопайдың рөлін сомдау үшін қалай дайындалдыңыз?

— Бұл рөлге мен күтпеген жерден келдім. Бастапқыда осы рөлге бекітілген актриса елде болмағандықтан, мен уақытша алмастырдым. Қазір екінші құрамда ойнаймын. Алдымен сценариймен толық таныстым. Бұған дейін жас Бопайды ойнаған Ақмарал Танабаеваның сахнадағы қимыл-қозғалысын, дауыс мәнерін зерттеп, өзімше сараладым. Кейбір тұстарын өзгертуді жөн көрдім. Әр



Бұл рөл маған «Біреудің махаббатынан өзінді құра алмайсың» деген терең ой салды. Жалпы, меніңше, өнер – шындықты танудың бір тәсілі сияқты.

рөлім. Бұл рөлге дайындалу барысында көптеген деректермен таныстым. «Көшпенділер» кітабы осы жолда маған үлкен көмек болды. Тек Бектомыш емес, Жошы хан мен Шыңғыс ханның өмірбаянын да зерттедім. Режиссердің бағыт-бағдары, тарихи кинолар — барлығы рөлді терең түсінуге көмектесті. Бектомыштың өмірде

лер, бірақ басқа салада жұмыс істеу — мен үшін жат дүние. Мен театр сахнасында, қазақ театрының тарихында өз ізімді қалдырғым келеді. Бұл — менің өмірлік тандауым.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айгерім СҰЛТАНҒАЛИ,
ЕҰУ студенті

ТАНЫМ

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



«ҚАРА СӨЗДЕР» АУДИО КІТАБЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ



«AMANAT» партиясының белсендісі, белгілі журналист Елдос Төлеубаев ұлы ойшыл әрі ағартушы Абай Құнанбайұлының қара сөздері топтастырылған аудио жинақ жариялады. Ақынның 180 жылдығына арналған «Абай мұрасы – мәңгілік бағдар» жобасының тұсаукесері партияның Павлодар облыстық филиалында өтті.

Аудио жинақта Абайдың 45 сөзі толық қамтылып, музыкалық сүйемелдеумен заманауи форматта ұсынылды.

«Оқушы кезімде Абай шығармашылығына орай ұйымдастырылған байқауларға қатыстым. Әнші Нұрлан Өнербаев оқыған «Қара сөздерді» таспадан тыңдап, «Осындай дүние жарыққа шығарғым келеді» деп шештім. Арада 25 жыл өтті. Міне, ақыры арманым орындалды. Барлық 45 қара сөзді жазу оңай болған жоқ. Мен әр нұсқаны жіті тыңдап, ұнамаған тұсын қайта жазып отырдым. Аудио жинақты өз дауысыммен оқып, ақынның әр сөзін терең түсінуге ұмтылдым. «Қара сөздер» жылдар бойы жазылғаны және онда терең философия бары анық. Мен де ұлы тұлғаның әр сөзіне, әр жолына құрметпен және аса жоғары жауапкершілікпен қарауға тырыстым», — деді Елдос Төлеубаев.

Айта кетейік, «Ұлттық мұра» партиясы «Ұлттық мұра» жобасы аясында мәдени мұраны насихаттауға бағытталған бастамаларға жүйелі түрде қолдау көрсетеді.

«Цифрлық дәуірде мәңгілік мағынаға ие терең ойларды халыққа жеткізудің ұтымды жолдарын табу — өте маңызды. Абайдың қара сөздері тек философия емес, ұлттық кодымыз. Біз бұл тілде жастармен және жалпы қоғаммен сөйлесуіміз керек», — деді «AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалы атқарушы хатшысының міндетін атқарушы Айнуір Мұхамедьярова.

Аудио жинақ Aiqara.kz сайтында және Halyq Radiosy эфирінде қол жетімді. Болашақта оны Ертіс өңірінің қоғамдық көліктерінде тарату жоспарлануда.

Айта кетейік, «Ұлттық мұра» партиялық жобасы ұлттық тарихи және рухани мұраны қорғау, ілгерілету бағытындағы кешенді іс-шараларды қамтиды.

Мәселен, 2019 жылдан бастап «AMANAT» партиясы жыл сайын еліміздегі қазіргі заман ақындары мен жазушыларының шығармаларын қолдауға бағытталған «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауын өткізеді. 2022 жылғы қыркүйек айынан бері тұрақты түрде «Ұлы дала жорығы» бәйге-марафоны ұйымдастырылады. Сонымен қатар жыл сайын ел аумағында 100-ден астам айтыс өтіп, олар дәстүрлі республикалық «Алтын домбыра» айтысында түйінделеді. Сондай-ақ жыл сайынғы «Алтын тұғыр» ұлттық спорт сыйлығы тағайындалады.

Елнар ЕЛТАЙ

Қазір қолыңыздағы қарапайым смартфон мен білезіктің өзі аурудың алдын алады десем сенесіз бе? Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Паркинсон ауруын дәл табатын құрылғы ойлап тапты.

Бүгінде Паркинсон ауруына тым кеш диагноз қойылады. Ауру асқынып, адамдардың күйзеліске түсетіні де содан. Соның ықпалынан пациенттер қымбат операцияларға түсуге мәжбүр болады. MindShield деп аталатын мобильді қосымша мен білезік Паркинсон ауруын ерте диагностикалай алады. Ақылды жүйе қол қимылдары арқылы аурудың алғашқы белгілерін анықтау үшін нейрондық желілер мен компьютерлік көруді пайдаланады.

ТОСЫННАН КЕЛГЕН ИДЕЯ

MindShield идеясы жайдан-жай туған жоқ. Команда мүшелерінің бірінің атасы Паркинсон ауруына шалдыққан екен. Отбасы аурудың алғашқы белгілерін дер кезінде аңғара алмай, дәрігерге кеш жүгінген. Бұл оқиға жас зерттеушілердің дертті жетуге деген құлшынысын ашады.

— Бұл идея біз үшін маңызды оқиғадан туындады. Команда мүшелерінің бірінің атасы Паркинсон ауруына шалдықты. Өкінішке қарай, отбасы мүшелері алғашқы Паркинсон белгілеріне (қолдың дірілдеуі, сөйлеу қиындығы) кеш назар аударып, дәрігерге тым кеш жүгінген. Жүрек ауруына байланысты операция жасау мүмкін болмады. Атасы өмірінің соңғы жылдарында сөйлеуі бұзылып, күнделікті іс-әрекеттерді жасау қиынға соқты. Бұл оқиға біздің команданы терең толғандырды. Осындай жағдай қайталанбауы үшін мамандармен кеңесіп, жағдайды талдай келе, ерте диагностика бағытында жұмыс істеу нағыз тиімді шешім екеніне көзіміз жетті, — дейді жобаның дата-сарапшысы және бағдарламалаушысы Аружан Серғалиева.

MindShield:

ДЕРТТІ

ДЕРЕЧУ

ТАНИТЫН БІЛЕЗІК



MINDSHIELD КАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Команда мүшелерінің айтуынша, қосымшаны қолдану үшін пациент жай ғана қысқа видео түсіреді. Видео кезінде саусақтарымен бір-біріне соғып, қол қимылын көрсетеді. Бұл тест арқылы жүйе адамның қимылын талдап, Паркинсон белгілерінің ықтималдығын пайызбен шығарады. Бұл бейнені жасанды интеллект талдап, қозғалыс дәлдігі мен тремор деңгейін есептейді. Тиісінше, жүйе 93% дәлдікпен ауру бар-жоғын көрсетеді. Ал білезік ше? Ол — жүйенің екінші деңгейі.

— Біздің прототип — бұл Паркинсон ауруына шалдыққан адамдарға қолдағы треморды дәрі-дәрмексіз жеңілдетуге көмектесетін анти-треморлық білезік. Ол Arduino Pro Mini арқылы жұмыс істейді және тремор қозғалыстарын анықтап, талдау үшін MPU6050

сенсорын пайдаланады. Пайдаланушы батырманы басқанда, білезік 15 секунд бойы қозғалыс деректерін жинайды, содан кейін орнатылған алгоритмдер арқылы тремордың жиілігі мен күшін есептейді. Осы деректерге сүйене отырып, білезік білектен орналасқан шағын моторға қаншалықты күшті вибрация беру кергін есептейді. Бұл дәл бағытталған қарсы вибрациялар треморды бәсеңдетуге көмектеседі. Білезік қолдың сыртына тағылады және USB-C арқылы қуатталады, — дейді Аружан Серғалиева.

MindShield білезігі күнделікті қолдануға ыңғайлы болу үшін арнайы жасалған. Ол Паркинсон ауруына шалдыққан адамдарға арналып, ұсақ моторикасы нашарлаған адамдарға да оңай тағылатын үш белдікті жүйемен жабдықталған. Құрылғы қолда берік ұсталып, күнделікті әрекеттерге кедергі

келтірмейді, ал салмағы жеңіл және қуаты бірнеше күнге жететіні — оны ұзақмерзімді әрі тұрақты қолдануға мүмкіндік береді. Алайда осындай күрделі құрылғыны жасау оңай болмаған.

— Жобаны іске асыру барысында ең үлкен қиындықтардың бірі — нейрондық желіні оқыту үшін қажетті медициналық мәліметтердің жеткіліксіздігі болды. Себебі мектеп оқушылары ретінде бізде медициналық ұйымдардың жабық деректер базасына қол жеткізу мүмкіндігі болмады. Сондықтан біз тек ашық дереккөздердегі мәліметтермен шектелуге мәжбүр болдық, — дейді команда мүшелері.

ҮЛКЕН СЫНАҚТАН ӨТКЕН ҚҰРЫЛҒЫ

MindShield жобасы — тек идея емес, нақты сыналған құрылғы. 15 пациентке тестілік сынақ жүргізіліп, оң нәтиже көрсетілген. Жоба ENACTUS чемпионатында 2-орын, MedTech байқауында 1-орын иеленіп, Pizza Pitch финалына жолдама алған. Оған қоса, 250 мың теңгеден астам инвестиция тартылған.

— Қазір MindShield жобасы жабық бета-тестілеу кезеңінде тұр. Біз алғашқы пайдаланушылармен жұмыс жүргізіп, нақты деректерді тексеру арқылы жасанды интеллект моделінің дәлдігін арттырамыз. Жобаға 5 ай көлемінде қарқынды жұмыс жүргізілді. Жақын болашақта қосымшаны App Store мен Google Play платформаларында ресми түрде жариялау

жоспарланып отыр. Жобаның ресми нарыққа шығуы алдағы 3-4 айда жоспарланып отыр, — дейді команда мүшелері.

Олардың ендігі мақсаты — MindShield қосымшасының мүмкіндіктерін кеңейту. Жоба авторлары жүйені тек Паркинсон ауруымен шектемей, оның әртүрлі кезеңін анықтап қана қоймай, эссенциалды тремор сияқты өзге де нейродегенеративті аурулардан ажырата алатындай деңгейге жеткізуді көздейді. Сонымен қатар болашақта MindShield медициналық жасанды интеллект платформаларымен және электронды медициналық карталар жүйесімен біріктіріліп, науқас жайлы деректер автоматты түрде дәрігерге жіберілуі жоспарланған. Бұл өз кезегінде диагноз қою процесін жылдам әрі дәлірек етеді.

Жоба авторлары ғылыми-зерттеу институттары, университеттер мен клиникалармен тығыз ырып-тестік орнатуға ниетті. Бұл ғылыми қолдауға ие болып, MindShield-ты кең ауқымда қолдануға жол ашпақ. Болашақта бұл жүйе Альцгеймер, деменция, инсульттің салдары, церебралды паралич немесе жарақатқа байланысты қозғалыс бұзылыстары бар адамдарға да көмек көрсетуге бағытталмақ. Қосымшада сондай-ақ пайдаланушылар арасында тәжірибе алмасуға, қолдау көрсетуге арналған онлайн қауымдастық құру да жоспарда бар.

Өсет ҚАЛИ



КӨЗАЙЫМ

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

БӘРЕКЕЛДІ!

Атырау қаласында тұратын 12 жастағы Сұлтан Исат көне қазақ қолөнері – құрақ көрпе тігуге ден қойып жүр. Оның құрдастары жазғы демалысты лагерьде өткізіп жатса, Сұлтан ұлттық өнерге бет бұрып, өз дарынын дамытуға кіріскен.



Құрақ – СҰЛТАННЫҢ СЫРЛЫ ӘЛЕМІ

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Сұлтан тігінге былтырдан бері қызығып, алғашқы сабақтарды YouTube платформасынан алып бастаған. Алғашында джинсы маталардан сөмке, корсет, косметика өнімдерінің жинақ сөмкесі, алжапқыш секілді бұйымдарды тіккен. Бір жылдан кейін өз қолымен тіккен бұйымдар сұранысқа ие бола бастаған.

— Өз қолыммен дүние жасаған ұнайды. Бұл мені тыныштандырады. Ал адамдар сен тіккен затты сатып алған кезде ерекше қуаныш сезінесің, — дейді Сұлтан.

Қазір ол «Асыл мұра» жобасы аясындағы шеберлік сабағына қатысуда. Сұлтан — ондағы ең жас қатысушы. Көп жылдан бері құрақ көрпе тігу өнерін жас ұрпаққа үйретіп жүрген шебер Нұрғаным Жағыпарқызы Сұлтанның қабілеті жоғары екенін айтады.

— Сұлтанның ісмерлікке деген ықыласы мен талпынысы сүйсінтеді. Өз жұмысын ерекше ықыласпен орындайды. Бұл жай ғана тігін емес, бұл — ұрпақтар арасындағы алтын көпір. Осындай жобалар арқылы біз ұлттық мәдениетті жаңғыртып, түрлі жастағы адамды біріктіріп отырмыз. Біздің орталыққа келгелі Сұлтан құрақ көрпе тігуді жақсы меңгеріп алды, — дейді шебер.

Шебер Нұрғаным Жағыпарқызының айтуынша, құрақ көрпе — қазақтың ұлттық өнерінің айнасы. «Құрақ көрпе — қазақ халқының тұрмыстық қолөнерінің ерекше түрі. Бұл төсек жапқыш немесе жамылғы ғана емес, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан өнер мен даналықтың символы. Құрақ көрпе жасауда әрбір бөлшек — тарих, әрбір тігіс — тағылым, әрбір өрнек — өмірдің бір бөлігі.

— Қазақ халқының қолөнерінде құрақ құрау ежелден бар. Бұрынғы кезде киім-кешек, үй мүлкі, төсек-жабдықтардың қалдық маталарын тастамай, олардан құрақ құрап, көрпе, жастық, жамылғы, шымылдық секілді бұйымдар жасаған. Бұл — үнемшілдіктің ғана емес, эстетикалық талғам мен шығармашылықтың да көрінісі. Осындай ерекше өнерге жас та болса Сұлтанның ден қоюы өте ерекше құбылыс, — дейді шебер Нұрғаным Жағыпарқызы.

Оның айтуынша, құрақ көрпенің түрлері мен мән-мағынасына терең үнілсек, көп нәрсеге қанығуға болады.

«Құрақ көрпе кездейсоқ жасалмайды. Әр өрнектің өзіндік мағынасы бар. Мысалы,

Құрақ көрпе – қазақ халқының тұрмыстық қолөнерінің ерекше түрі. Бұл төсек жапқыш немесе жамылғы ғана емес, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан өнер мен даналықтың символы.

«шырша» құрағы — өмірдің жалғастығын білдіреді. «Қызғалдақ» немесе «гүл» құрағы — нәзіктік пен сұлулықтың белгісі. «Жұлдыз» құрағы — жарық пен бағыт-бағдарды бейнелейді. «Тұмарша» — тіл-көзден сақтайтын тұмар іспеттес. Мұндай құрақтардың көпшілігіне аналарымыз, әжелеріміз жақсы тілек, ниет арнаған. Сұлтанға тек құрақ тігуді үйретіп қана қоймай, халқымыздың асыл мұрасының тәрбиелік мәні туралы да жеткізгім келеді. Себебі құрақ көрпе — қазақ халқының тарихын, мәдениетін, дүниетанымын таныта-

тын баға жетпес мұра. Оны жасау арқылы біз тек шеберлік танытпаймыз, ата-бабаларымыздың рухани байлығын жаңғыртамыз. Сондықтан құрақ көрпе — ұлттық кодымыздың бір бөлшегі», — дейді шебер.

Сұлтан шеберлік сабағына өз тігін машинасымен қатысып жүр. Анасы Жанар Темірғали да ұлының бұл хоббиіне үлкен қолдау көрсетіп келеді.

— Сұлтан — егіздің сыңары. Сыңары Бейбарыс спортпен айналысады. Ал Сұлтанның таңдауы қолөнер саласына түсіп тұр. Алғашында қарындасына көйлек, корсет тігіп жүрді. Жай қызығушылық болар деп мән бермедім. Кейін Сұлтанның тіккен бұйымдарына туған-туыстарым мен жұмыстастарым назар аударып, оларды сатып ала бастады. Баламның бойында шынайы талант бар екенін сол кезде түсіндім. Өзіне арнайы тігін машинасын да алып бердік. Қазір өзі цех ашуды армандайды. Шетелде оқығысы келеді. Біз тек қолдаймыз, — дейді анасы.

ТҰСАУКЕСЕР

Хақим мұрасы – игі істерге ұйытқы

Абай облысында Абайдың 180 жылдығына арналған онкүндік мерейтойлық шаралар басталды. Кеше Семей қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледждің «Ес-Аймақ» рухани орталығында Abai akademiasy атты энциклопедиялық порталдың тұсаукесері өтті.



Абай шығармашылығына арналған тұңғыш энциклопедиялық порталдың таныстырылымына облыс әкімі Берік Уәли, зиялы қауым өкілдері, абайтанушы ғалымдар қатысты. Abai akademiasy жобасының жетекшісі Айжан Тәбаракқызы жиналғандарға порталды таныстырды.

Abai akademiasy порталы — Абай мұрасын өскелең ұрпаққа

жеткізу тұрғысында маңызды екенін атап өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі



насихаттайтын, ақын туралы толық мәлімет ұсынатын ғылыми-танымдық дереккөз. Платформада ақынның әдеби, ғылыми, публицистикалық және эпистолярлық еңбектері текстологиялық сараптамамен, түрлі форматта жинақталған. Материалдар Абай институттары, ғылыми орталықтар, архивтер мен мұражайлардан алынып, цифрлы түрде енгізілген. Сондай-ақ теле-радио хабарлар мен деректі фильмдер де қамтылған.

Энциклопедиялық порталдың тұсаукесерінде сөз сөйлеген аймақ басшысы Абай тойы биыл тұңғыш рет 10 күндік ретінде атап өтілетінін айтып, 1-10 тамыз аралығында Семей қаласы мен Абай, облыстың өзге де ауданында түрлі мәдени-рухани, танымдық, интеллектуалдық іс-шаралардың жоспарланып отырғанына тоқталды.

«Атап өту керек, аталған 10 күндіктің өтуіне қаржыны түгелдей жанашыр демеушілер көтеріп отыр. Абай тойының өңірімізге ең басты сыйлығы — Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы. Хакімнің тойында еліміздің әр өңірі жаңадан құрылған облысымызға бір нысаннан салып беретін болды. Маңғыстау «Достық үйін», Шымкент шығармашылық орталық, Түркістан көрме орталығын, Астана Жайлы мектеп, Ақтөбе жекпе-жек орталығы, Павлодар облысы Үстел теннис орталығын салуға, Шығыс Қазақстан Ертіс жағалауын жасап береміз деп отыр. Өзге өңірлер де хабарласып, ықылас-ниеттерін білдіріп жатыр», — деді облыс әкімі.

Энциклопедиялық порталдың Абай мұрасын заманауи форматта

білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты» деп Абайдың мұратын, мақсаты мен арманын жіліктеп айтып, бүгінгі қазақ баласына ой салған болатын. Демек, бүгін көпке жол тартатын Абайға арналған энциклопедиялық портал, хақим мұраларын өскелең ұрпаққа насихаттау жолында негізгі бағдаршам болмақ. Сондай-ақ Абай туралы ақпарат іздеген адам Abai akademiasy порталы арқылы толыққанды қол жеткізе алады, — деді аймақ басшысы.

Шара барысында абайтанушы Арап Еспенбетов, «Жидебай-Бөрілі» музей-қорығының директоры Ұлан Сағадиев, әдебиеттанушы, PhD докторы Карлығаш Әубәкір энциклопедиялық портал туралы пікірлерін айтты.

— Бүгін ашылып отырған Abai akademiasy энциклопедиялық порталы — ғылыми, мәдени, ақпараттық ортадағы бұрын-соңды болмаған ерекше құбылыс деп айтуға толық негіз бар. Электрондық портал бөрімізге ортақ. Ол жас ғалымға да, ізденушіге де, студентке де, оқушыға да, қарапайым жұмысшыға да ортақ. Өзінің досы сияқты әңгімелесіп, қажетті деректерін қабылдап, әрі қарай өзінің ұлы ақын туралы ойлары мен қарымдарын дамытатыны сөзсіз. Абайды білемін, танымын, ұғамын, түсінемін дейтін жанның барлығына көмек беретін, ең үлкен басты құрал, энциклопедия, — деді Арап Еспенбетов.

Мейір ЖАСЫН

МЕЖЕ

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Орал қаласында «АМАНАТ» партиясының ұйымдастыруымен «Бір ауыл – бір кооператив» тақырыбында семинар өтті. Семинарға көрші Маңғыстау облысынан қонақтар келіп қатысты. Семинар барысында «Ауыл аманаты» жобасының жүзеге асуы, жұмыс барысында кездесетін қиындықтарды шешу жолдары талқыланды. «АМАНАТ» партиясы жанындағы Саяси менеджмент академиясының директоры Н.Мұқанов ауыл шаруашылығын озық дамытып отырған шетелдік тәжірибелерді айтып, үздік мысалдармен бөлісті. Кейін семинарға қатысушылар кооператив ашып, шаруа жүргізіп отырған жұмысшыларға барды.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА, Батыс Қазақстан облысы

Партияның «Ауыл аманаты» жобасы екі қолға бір күрек таппай жүрген жандарға қолдау болды. Осы жоба аясында тек БҚО өзінде 1 467 жұмыс орны ашылған. Жобаның мақсаты да сол — ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсарту, оларды кәсіпке баулу. Тек бұл жолы тұрғындар бірігіп, бірлесіп еңбек етуге үйренеді. Жоба

аясында кооперативтер құрып, мемлекеттен несие алып, шаруасын дөңгелетіп отырғандар баршылық.

Солардың бірі — Алмаз Бекболсынов. Ол БҚО Таскала ауданында асылтұқымды қой өсіріп отыр. Кооперативті үш жігіт бірігіп ашқан. Қазір ол жерде 25 шақты адам жұмыс істейді. Алмаз Бекболсынов жүнді, етті бағыттағы қой өсіріп отыр. Бүгін семинарға арнайы шақырылған.

— 2023 жылы несиеге еділбай тұқымындағы қой алдым. Қазір

БІР АУЫЛ – БІР КООПЕРАТИВ

менде мың бас аналық бар, соның тұқымымен екі мыңға жуықтап қалды. Биыл техникаға деп 30 млн теңге несие алдым. Осы «Ауыл аманаты» жобасы аясында көп қолдау болып тұр. Ауыл адамдарын осы жұмысқа тартып отырмыз. Қойдың етін «Батыс — Нык» ет комбинатына тапсырамын. Ал қойдың жүнін алдағы уақытта өзіміз өндесек пе дейміз. Сол үшін осы жоба аясында тағы несиеге қойдың жүнін өңдейтін аппараттар алғым келеді, — дейді семинарда сөз алған Алмаз Бекболсынов.

«АМАНАТ» партиясының БҚО филиалы жетекшісі Мұрат Мұқаев биыл аймаққа 5 млрд теңге қаржы бөлінгенін айтты.

— Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру, жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында осыдан екі жыл бұрын партия бастамасымен «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге аса бастаған еді. Ол қазір кең қолдауға ие болып, мемлекеттік деңгейге көтеріліп қалды. Осы жоба аясында ауыл тұрғындары кооперативтер ашып, сол ауылдарда тұрақтанып қалып жатыр. Біз биыл да бұл жобаны жүзеге асырамыз. Біз тек кооператив ашуға көмек етпейміз. Кейін сол өнімді сатуды, өңдеуді ұйымдастыруға да атсалысып, жетекшілік етіп келеміз, — деді ол.

Сөз реті келіп тұрғанда айта кетейік, жалпы 2023-2024 жылдары БҚО шаруалары осы жоба аясында 8,9 млрд теңге қаржы алған. БҚО — ауыл шаруашылығы дамуы жағынан алдыңғы қатарлы аймақ. Сондықтан да бұл жобаны жүзеге асыру батыстағы ағайын үшін аса қиынға соғып жатқан

жоқ. Ал қонақтар өз сөздерінде құмды, шөлейтті Маңғыстау үшін мал өсірудің өзіндік қиындығы барын айтты.

— Біздің Маңғыстау облысында агрокешен әлсіздеу. Бір ғана мысал айтайын, аймақта 30 мыңдай ғана сиыр бар. Ал БҚО-да миллионнан асып кетеді екен. Бізде тек түйе көп, 102 мыңдай түйе бар, ал Батыста 3 мыңдай. Біздің артықшылығымыз — тек сол түйеміз. Сол түйеге субсидия алып отырмыз. Бізде егін шаруашылығы да өте төмен. Облыста тек 1 100 гектар жерде егініміз бар. Ал БҚО-да 1 100 гектар егін деген бір қожалықтың жерінің бір бөлігін ғана құрап тұр. Жалпы, Маңғыстау облысында тек 28 кооператив құрылып отыр. Енді осының санын көбейтейік, дамытайық деп БҚО-ның озық тәжірибесін көрейік деп келдік. Біздің облыстың да ерекшелігін ескеріп, ыңғайлы тетіктерді тауып, «Ауыл аманаты» жобасын дамытуды көздейміз, — дейді Маңғыстау облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Дастан Мұраталиев.

Түстен кейін қонақтар «Ауыл аманаты» аясында жүзеге асып жатқан кәсіпорындардың жұмысымен танысты. Алдымен қонақтар Бәйтерек ауданы Макаров ауылына келді. Бұл жерде 10 мың тауық өсіріп отырған кооператив бар. Осы тауық шаруашылығын жүзеге асыру үшін 22 млн теңге субсидия алған. Ол ақшаға Қытайдан арнайы құрылғы әкеліпті. Соның арқасында осынша көп құсты бағып-қағу оңайға түсіп отыр.

— Бәрі автоматты жүйеге қосылған. Адам еңбегі көп қажет етілмейді. Тауықтардың асты автоматты түрде тазаланады, жемі шашылып, суы жіберіледі. Кейін жұмыртқаны да бері шығарады. Қыздар тек жинап ала қояды. Бұлар жұмыртқаны қаладағы дүкендерге жеткізіп отыр. Бізге облыстағы ірі құс фабрикасы көмек қолын созып отыр. Олар арнайы мамандарын жіберіп отырады. Келіп қарап, кенес беріп бізді бағыттап отыр, — дейді ауыл әкімі Еркін Әбілқалимов.

Құс шаруашылығымен айналысып отырған кооператив осы үлкен базаны өздері өз қаражатына салғанын айтады. Кейін техника үшін 26 млн теңге несие алыпты. Макаров — қалаға жақын ауылдардың бірі. Бұл ауылдың халқы негізінен бау-бақшамен айналысады. Картоп, сәбіз, орамжапырақ егетін қожалықтардың бәрі дерлік осы ауылдардың маңынан жер алып, шаруасын жүргізіп отыр. Қазір сол шаруалардың басын бір кооперативке біріктіруде.

Семинарға қатысушылар кейін «Жастық» кәсіпорына келді. Бұл жерде сүт өнімдері өңделеді. Шаруашылық иесі ауылдардан жинап алынған сүтті қалаға әкеліп өңдеп, кейін дайын өнімді дүкендерге жөнелтетінін айтады. Жалпы, бұл «Жастық» шаруашылығының өнімдері облыста сұранысқа ие. Олардың сүті, айраны, қаймағы, женті дүкенге түскен бойда халық талап алып кететінін көз көріп жүр.

Бір күндік семинар барысында шаруалар өз тәжірибелерін айтып, озық ойларын ортаға салды.

ДАМУ

Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары аясында жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында бірқатар маңызды индикатор белгіленіп, оларды іске асыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Бұл жөнінде Шымкент қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Жанат Өтебаева биылғы алғашқы жартыжылдық қорытындысында айтып берді.

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Индикаторлық көрсеткіштерді орындау мақсатында басқарма тиісті құрылымдармен тығыз өзара іс-қимылда жұмыс атқаруда. Ресми статистикалық деректер әр тоқсан аяқталған соң, 45 күн ішінде жарияланып, ресми порталдарға орналастырылып отырады.

Бүгінде Шымкент қаласында халықты жұмыспен қамту шаралары белсенді жүргізілуде. 2025 жылы Шымкент қаласында жалпы 49 733 адамды жұмыспен қамту шараларына тарту жоспарланса, жарты жылда бұл бағыттағы нақты көрсеткіш 15 412 адамды құрап отыр. Жұмыспен қамту саясатының бір маңызды бағыты жаңа жұмыс орындарын ашу екені белгілі. Бұл орайда Шымкент қаласы



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ — ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

бойынша 2025 жылы 21 812 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның ішінде 2 610 жұмыс орны қалада іске асырылып жатқан концепциялар арқылы, 19 202 жұмыс орны азаматтардың жеке бастамасымен ашылуға тиіс.

Жоспарланған жұмыс орындарының 21 370-і тұрақты, 388-і уақытша болмақ. Алайда жыл басынан бері нақты 2 863 азамат жұмыспен қамтылған. Жаңа жұмыс орын-

дары негізінен жекеменшік балабақшалар, спорт кешендері, білім беру ұйымдары, дәріханалар мен қоғамдық тамақтану орындары сияқты әлеуметтік маңызы бар нысандар арқылы құрылып жатыр.

Сонымен бірге Шымкентте зейнеткерлер мен әлеуметтік жағынан әлсіз санаттағы тұрғындарды қолдау бағытында жүйелі шаралар жүзеге асырылуда. Халықтың осал топтарына нақты көмек көрсету —

әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бұл орайда қала әкімдігі мен мәслихаттың бастамасымен 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында бірқатар ауқымды жұмыс атқарылған.

Қарттар — қоғамның алтын қоры. Олардың денсаулығын сақтау, өмір сапасын арттыру басты міндеттердің бірі екені белгілі. Осы мақсатта мәслихат шешіміне сәйкес, 2025 жылы зейнет жасындағы азаматтарды санаторлық-емдеумен қамтамасыз ету үшін 5 500 ардагер мен зейнеткерге жолдама беру жоспарланған болатын. Қазір бұл бағытта 1 270 азамат емдеу мекемелеріне жолданды.

арқасында атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылар саны былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 38%-ға азайғаны байқалады. Бұл мемлекеттік қолдаудың тиімділігін және тұрғындардың табысын арттыруға бағытталған іс-шаралардың оң нәтиже бергенін көрсетеді. Мәселен, 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында 4 649 отбасындағы 24 396 азаматқа атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған. Былтыр бұл көрсеткіш — 8 810 отбасы, 45 955 адам болған еді. Демек, әлеуметтік көмек алушылар 2 есеге жуық азайып отыр деген сөз.

Әлеуметтік көмек алушылардың қатарының азаюы халықтың тұрмыс деңгейінің біртіндеп жақсарып келе жатқанының айғағы. Шымкент қаласының әкімдігі мен тиісті басқармалары әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтарға жан-жақты көмек көрсету, оларды жұмысқа орналастыру, оқыту және жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз ету бағытында жұмыстарды жалғастыра береді.

Бұл — мемлекет тарапынан халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ұтымды әрі ұзақмерзімді саясаттың бір көрінісі. Әлеуметтік әділеттілік пен адами капиталды дамыту жолындағы бұл бастамалар алдағы уақытта да өз жалғасын табады деген сөз.

Басқарма басшылығының айтуынша, жұмыспен қамтудың тиімді тетіктерін жетілдіру, жаңа жұмыс орындарын ашу, халықты әлеуметтік қорғау жүйесін дамыту қала әкімдігінің басты басымдықтарының бірі болып қала береді.

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

ИГИЛІК

ЕМ ІЗДЕГЕНДЕР
ЕНДІ АЛАҢСЫЗ

Президент 2022 жылғы Жолдауында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы туралы айтып, Үкіметке тапсырма берген болатын. Жоба аясында ауылдық жерлерде медициналық насандар салуды, ауыл халқы үшін медициналық қызметтерді қолжетімді етуді тапсырған-ды. Президенттің осы тапсырмасы аясында БҚО-да 50 медициналық нысан салу жоспарланған еді.

А **Жанат Қайырғожина,**
Батыс Қазақстан
облысы

Президент тапсырмасына сай медициналық нысандар алдымен алыс ауылдармен шалғай жатқан елді мекендерге салынып жатыр. Жоғарыда аталған 50 медициналық нысан ішінде 11 дәрігерлік амбулатория, 21 фельдшерлік-акушерлік пункт, 18 медициналық пункт салынады деп күтіліп отыр. Осының ішінде соңғы екі жылда 36 нысан пайдалануға берілсе, биылғы жылға жоспарланған 14 нысанның 11-і пайдалануға беріліп үлгерді. Сондай қуанышты жаңалық Сырым ауданына қарасты Шағырлыой ауылдық округінде болды. Ауыл халқына арналып жаңадан фельдшерлік-акушерлік пункт салынып, пайдалануға берілді.

Осы күні ауыл халқының қуанышына БҚО әкімі Нариман Төреғалиев пен облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мадияр Утешев арнайы катысып, тұрғындарды айтулы күнмен құттықтады. Қызыл лентаны ауыл ақсақалы Сағидокас Бактығалиев пен өңір басшысы бірге қиып, батасын берді.

— Президентіміз Қ.Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Еліміздің басты құндылығы — адам. Ұлт денсаулығы жақсы болса ғана қоғам орнықты дамиды» деп атап өткен болатын. Бүгін Сырым ауданының Шағырлыой ауылындағы жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттің ашылуы — баршамыз үшін қуанышты оқиға. Енді ауыл тұрғындары сапалы әрі уақытылы медициналық көмекке қол жеткізе алады. Бұл нысан аналар мен балалардың, жалпы ауыл тұрғын-

дарының саулығын нығайтуға өз үлесін қосады деп сенемін, — деді облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

Биыл «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында ашылып отырған осы нысан ауылдықтардың көптен күткен қуанышы. Бұрын әбден ескірген ғимаратта қызмет алып келген ауыл тұрғындары үшін заманауи жарқыраған кең медициналық пункт хан сарайындай көрінеді.

600-ге жуық тұрғыны бар Шағырлыой аудан орталығынан шамамен 20 шақырымдай жерде орналасқан. Жас балалар мен босану жасындағы әйелдер санының көптігі алғашқы медициналық көмектің сапалы әрі қолжетімді болуын айрықша қажет ететінін көрсетеді. Сондықтан ауыл тұрғындары үшін жаңа ФАП-тың ашылуы көптен күткен қуанышты жаңалық болды. Ауыл тұрғындарынан бұрын ауылда қызмет атқаратын медицина саласының мамандары қуанып жатыр.

Фельдшерлік пунктке Айымкүл Аққайырова жетекшілік етеді. Туған ауылында 1990 жылдан бері үздіксіз еңбек етіп келе жатқан ол өз ісіне шын берілген, тәжірибелі маман.

— Ауыл тұрғындары үшін де, біз үшін де заманауи орында қызмет көрсету — үлкен қуаныш. Бұрын ескі ғимаратта да халықты қабылдап жүрдік. Ал енді осы жерде қажетті анализдерді алып, аудан орталығына апарып тапсырып отырамыз. Жүкті әйелдер мен балаларды да қабылдайтын жағдайымыз бар. Ауыл адамдары



ауданға шаппай, қажетті көмекті өзімізден ала алатыны қуантады, — дейді Айымкүл Аққайырова.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында құрылысы бытыр басалған нысан биыл сәтімен аяқталып, ауыл тұрғындарын қуанышқа бөлеп жатыр. Медициналық пункт 15-20 адамды қабылдай алады. Ғимарат ішінде фельдшердің қабылдау бөлмесі, ем-шара, екпе егу, физиотерапия, акушерлік қарау бөлмелері мен залалсыздандыруға арналған арнайы бөлмелер толық қамтылған. Қазір бұл жерде екі медицина қызметкері, бір кіші қызметкер және бір жүргізуші қызмет етеді.

Жаңа медициналық нысанның ашылуына орай ауыл тұрғындары да жылы лебізін білдіріп, алғысын жаудырды. Соның бірі — Байболатовтар отбасы.

«Адам жанының арашасы болған жандардың еңбегі өлшеусіз. Айымкүлдей абзал жанның шипалы қолы талай жанға медет болды. Ел игілігі үшін қызмет етіп жүрген облыс, аудан басшылығына алғысымыз шексіз. Жаңа ФАП — ауылымыз үшін үлкен серпін», — деді олар.

Жалпы, 2023-2025 жылдары БҚО бойынша 37 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізілді. Тек биылдың өзінде бес нысанға күрделі жөндеу жүргізу жоспары тұр. Атап айтсақ, бұл — облыстық көпбейінді балалар ауруханасы, облыстық онкологиялық диспансердің радиология бөлімшесі, Шыңғырлау аудандық орталық ауруханасы және Қаратөбе ауданының екі дәрігерлік амбулаториясы. Сондай-ақ 8 модульдік медициналық ғимарат сатып алынып, қолданысқа берілді.

ТҮЙТКІЛ



Жыл сайын елімізде 2 мыңнан астам азамат жол апатынан қаза тауып, 23 мыңнан астам адам түрлі деңгейде жарақат алады. Бұл — бейбіт күндегі «қарусыз соғыс» іспетті. Жолдағы бұл қасіретпен күресу — тек полиция мен әкімшілік органдардың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Себебі апаттар тек заңбұзушылықтан емес, тереңде жатқан жүйелік олқылықтардан туындайды.

Бір қарағанда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан аз жұмыс атқарылып жатқан жоқ сияқты. Бейнебақылау жүйелері орнатылып, заманауи техникалармен жабдықталған патруль көліктері жолға шықты, кейбір өңірлерде жаңа форматтағы полиция бекеттері салынды. Бірақ, өкінішке қарай, бұл шаралар апат санын күрт төмендеті алмады. Демек, мәселенің түп тамыры бұдан тереңде жатқан сынайлы.

Көп жағдайда жол ережесін жүргізушілер саналы түрде бұзады немесе ережені толық білмей, бейкамдыкпен қателік жібереді. Оған қоса, адам психикасының тұрақсыз күйі — стресс, отбасылық қиындық, шаршау сияқты факторлар — көлік жүргізу кезінде қауіпті шешімдерге алып келеді. Мас күйде рөлге отыру, жылдамдықты шамадан тыс асыру, телефонмен сөйлесу, әлеуметтік желіге үңілу сияқты заманауи алаңдаушылықтар да апат себептерінің алдыңғы қатарынан болады. Бұл проблемаларды тек айыппұлмен немесе жазаммен шешу мүмкін емес. Қоғам ішінде көлік жүргізу мәдениеті мен тәртіпке деген ішкі жауапкершілік қалыптасуы қажет. Жол қозғалысына қатысу — тек жүргізушілердің міндеті емес. Жаяу жүргіншілер, велосипед пен мотоцикл иелері, қоғамдық көлік

Биылғы мамыр айындағы ресми деректерге сүйенсек, елімізде 6 миллионнан астам автокөлік тіркелген, олардың 86,5 пайызы — жеңіл көліктер. Бұл — халықтың әлеуметтік ахуалының жақсарғанын, экономикалық белсенділіктің артқанын көрсететін көрсеткіш. Алайда көлік саны көбейген сайын жол апаттары да жиілеп барады.

ЖОЛДАҒЫ ТӘРТІП —
ҚОҒАМ АЙНАСЫ

жүргізушілері, тіпті жолмен мал айдап өтетіндерге дейін жол ережесіне бағынуға тиіс. Сондықтан жолдағы тәртіп — ортақ мәдениеттің көрсеткіші. Ал бұл мәдениет балабақшадан басталып, мектеп қабырғасында қалыптасуы шарт. Қазір жол ережелері оқушыларға қосымша сабақ түрінде ғана оқытылып келеді. Бірақ ол жеткіліксіз. Бұл сабақтарды арнайы оқытудан өткен мамандар жүргізуге тиіс. Әр бала жолда өзін қалай ұстау керігін математика немесе тіл сабағындай терең меңгеріп өскенде ғана қоғамда тәртіп орнайды.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты құрылымдардың да қазіргі жағдайы қайта қарауды қажет етеді. Қазір бір патрульге бірнеше түрлі міндет — жол қозғалысын қадағалау, қоғамдық тәртіпті бақылау, іс-шаралар қауіпсіздігін сақтау сынды жұмыстар жүктеліп отыр. Бұл — тиімділікке

емес, керісінше, жауапкершіліктің шашырауына алып келеді. Жол қозғалысын ұйымдастыру — күрделі, арнайы білім мен тәжірибені талап ететін сала. Мұндай жауапты істі салалық білімі жоқ адамға тапсыру — адам өмірін қауіпке тігумен тең.

Шетелдік тәжірибеге көз салсақ, мысалы, Дубайда жол қиылыстарындағы солға бұрылу мен кері айналуға толық тыйым салынған. Оның орнына айналма жолдар кеңінен қолданылып, апат ықтималдығы төмендетілген. Мұндай тиімді тәжірибені елімізде де енгізуге әбден болады. Сонымен қатар жүргізушілерді өздігінен даярлау жүйесі — қауіп тудырып отырған тағы бір мәселе. Өйткені рөлге отырған әрбір адам — ұшқыш немесе дәрігер секілді, тікелей адам тағдырына жауапты тұлға. Жүргізушілерге экстремалды жағдайлардағы әрекет, психологиялық

дайындық және шешім қабылдау дағдылары оқытылуы керек.

Жол ережелерінің өзі де тым ұсақ-түйекке бөлініп кеткен. Кейде апатқа еш себеп болмаған болмашы бұзушылық үшін жүргізуші қатаң жауапқа тартылады. Бұл қоғамда наразылық тудыратыны сөзсіз. Ережелер қайта қаралып, халықаралық стандарттарға сәйкес ықшамдалып, тек қауіпсіздікке тікелей қатысы бар нормаларға басымдық берілгені жөн. Мәселен, бұрынғы Ішкі істер министрлігінің №270 бұйрығы бойынша, апатқа себеп болмайтын ұсақ бұзушылықтар үшін жүргізушіні тоқтатуға тыйым салынған еді. Бұл — жүргізуші мен полиция арасындағы сенімділікті арттырған тәжірибе болатын. Осындай жүйелі әрі тиімді қағидаттарға қайта оралуымыз керек.

Жол қозғалысын ұйымдастыру мен қауіпсіздік саласына қатысты арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылданатын уақыт жетті. Бұл бағдарлама тек құқықтық емес, ғылыми, кәсіби және тәрбиелік негізге құрылуы қажет. Облыстық деңгейдегі жол қауіпсіздігі комиссиялары қайта жанданып, нақты әрі нәтижелі жұмыс жүргізуге тиіс. Себебі жолда тәртіп орнаса, қоғамда тыныштық орнайды.

Д. ГАЙСИН,

Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері, Атырау облысы ІІО Жол полициясы ардагерлері кеңесі төрағасы

САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ – КҮН ТӘРТІБІНДЕ



Қарағанды облысының Экология департаменті өңірдегі бірнеше жерге рейд жүргізді.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Тазалықты тексеруші мамандар Шет ауданы бойынша рейдтік іс-шаралар аясында заңсыз қоқыс жиналған 3 орынды анықтады. Қорытындысында Шет ауданының әкімдігіне анықталған қоқыс тастайтын жерлерді жою қажеттілігі туралы хат жолданды.

Бүгінде Мойынты ауылы бойынша 2 және Ақсу ауылының республикалық тасжол аумағын тазарту жұмыстары жүргізілді. Қоқыс тастайтын жерлер толық көлемде жойылды.

Ал Балқаш қаласында санитарлық тазалыққа қойылатын талаптар күшейтілді. Республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында мұнда күн сайын мобильді топтар жұмыс істейді. Олардың басты міндеті — көше тазалығын қамтамасыз етіп, қала мәдениетін арттыру, көріктендіру деңгейін жаксарту.

Қала аумағында сегіз мобильді топ жасақталған. Олардың құрамында әкімдік қызметкерлері мен учаскелік полицейлер бар. Топтар күн сайын түрлі шағынауданды аралап, санитарлық жағдайды тексереді. Тексеру барысында мамандар ғимараттардың қасбеттерінің жағдайын, рұқсатсыз салынған қосалқы құрылымдарды, жарнама мен маңдайша орнату тәртібін, тротуарлар мен аулалардың тазалығын қадағалайды. Сонымен қатар қоқыс жәшіктерінің дұрыс қойылуы, көгалдандыру және абаттандыру элементтерінің жай-күйі, рұқсатсыз төгілген қоқыс үйінділері мен мақсатсыз пайдаланылған жер телімдері, қараусыз қалған нысандар назарға алынады.

Мобильді топтардың алғашқы рейдтері нәтижесінде қазірдің өзінде 15-ке жуық әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынды. Құрылыс қалдықтарын шығармаған мердігер ұйымдар жауапкершілікке тартылды. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызмет көрсететін компания да қоқысты уақытылы шығармағаны үшін жауап берді.

Қарағанды қаласында да тазалық жұмыстары жүріп жатыр. Мысалы, Әлихан Бөкейхан ауданында Курьяновка ауылы, Летняя, Трудовая, Линейный көшелері және 14-ші шағын аудан мекенжайлары бойынша қоқыс рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері жойылды. Шығарылған қоқыстың жалпы көлемі 30 мың текше метрді құрады. Жыл соңына дейін бұл санды 100 мыңға дейін жеткізу жоспарлануда. Қазір ТБӨ шағын ауданында жұмыстар жалғасуда.

— Тұрғындармен араласа отырып, біз жыл сайын тазартуды қажет ететін учаскелердің тізімін жасаймыз. Бұл қоқыс үйінділерінің барлығы жеке үйлерден күл, құрылыс және тұрмыстық қоқыс шығаратын тұрғындардың кінәсінен пайда болады, — дейді Әлихан Бөкейхан ауданының әкімі Досбол Қүлекеев.

Қазыбек би атындағы ауданда да осындай жұмыстар жүргізілуде. Бұл жерде белсенділер қоқыс тастайтын жерлерді хабарлап, бос жерлерге қоқыс тастап кететін көліктердің нөмірін тіркейді.

Үлкен Михайловка стансасында тұратын Алмагүл Жанкина 15 жылдан бері өз көшесінде тәртіптің сақталуын қадағалап келеді. Бұл учаске қоқыс шығарғаны үшін ақша төлегісі келмейтіндердің көзіне жиі түседі. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бірде-бір бейтаныс көлік оның назарынан тыс қалмайды.

— Мұндағы тұрғындар өте белсенді. Сондықтан бұл аумақ әрқашан таза. Адамдар тәртіп сақтайды және бізге немесе полицияға бірден хабарлайды, — деді Қазыбек би атындағы аудан әкімінің орынбасары Дәулет Маханов.

Биыл Экология департаменті ұсынған ғарыштық түсірілім деректерінің арқасында сегіз қоқыс үйіндісі анықталды. Олардың үшеуі жойылды, қалғандарында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Полициямен бірлесіп заңсыз қоқыс тастағаны үшін 19 әкімшілік хаттама толтырылды. Экологиялық бақылау күшейтілді, тұрғындармен қалдықтарды бөлек жинау және дұрыс кәдеге жарату бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы шеңберінде Үлкен Михайловка стансасында, Федоров су қоймасының жанында, «Күнгей» ауданында және автомобиль жолдары бойында жиналған қоқыстар тазартылды. Сонымен қатар Қарағандыда жана қоқыс тастайтын жерлерді нақты анықтау үшін аумаққа қайта ғарыштық түсіру жүргізу жоспарланған.



Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қоқыс үйінділері мен қоқыс жинау сапасын бақылауды күшейтуді тапсырды. Ермағанбет Бөлекпаев қалада тәртіпті сақтау уақытша науқан емес, барлық жауапты қызметтер жүйелі түрде жұмыс істеуге тиіс тұрақты жұмыс екенін айтады. «Таза Қазақстан» жобасы аясында өңірлік билік санитарлық жағдайға ауқымды тексеру жүргізуде. Алайда әкімнің айтуынша, жұмыс барысында қала тұрғындарының шағымдарын күтпей-ақ әлдеқашан жойылуға тиіс болған проблемалар анықталған.

— Біз қала тазалығы туралы айтамыз, бірақ біздің орталықта егеуқұйрықтар жүгіріп, қоқыс үйінділері жанып жатса, қандай тазалық болуы мүмкін?! Сол сәтте санитарлық қызметтер қайда болған? Неліктен жүйелі дезинсекция жүргізілмейді? — деді облыс басшысы аппараттық жиында тиісті жұмысқа жауапты ведомстволарға.

Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, қолайсыз учаскелердің барлық мекенжайлары белгілі, ал Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті тұрақты мониторинг жүргізіп, дереу шаралар қабылдауға міндетті. Бұл бірреттік акция емес, үнемі жүргізілетін шаралар болуға тиіс, жұмыс тұрақты негізде жүргізілуі керек.

Қалалық қоқыс үйінділеріне жақын орналасқан аудандардың тұрғындарынан сол аумақтан көзді ашытатын түтін келетініне шағым түсіп, бұл мәселеге ерекше назар аударылды. Әкім экологиялық қызметтерге тез арада тексеру жүргізіп, бұзушылықтарды тіркеп, өрт себептерін жою бойынша нақты жоспар ұсынуды тапсырды. Қайталанған тосын оқиғалар кезінде объектінің меншік иесіне қатысты шаралар қабылданатын болады.

— Қарағанды таза және қауіпсіз болуға тиіс. Бұл — пиар емес, біздің тұрғындардың денсаулығы мен сенімі, — деп атап өтті облыс әкімі.

Ал Шахтинск қаласында «Таза Қазақстан» республикалық науқаны аясында еріктілерді, «Жасыл ел» жауынгерлерін, түрлі ұйым қызметкерлері мен жергілікті тұрғындарды біріктірген экологиялық акция өтті. 140-тан астам адам орман алқабын жинауға шықты. Бірнеше сағаттың ішінде олар 200-ге жуық қап қоқыс жинады.

— Күйеуім екеуіміз осында балалармен жиі серуендейміз. Табиғаттың тапталып, қоқысқа толып бара жатқанын көріп көңіл күйіміз түсетін. Бүгін бүкіл отбасымен келдік. Балалардың санасына тазалық жинаудан емес, қоқыс тастамаудан басталатынын жеткізуді қалаймыз, — дейді Шахтинск қаласының тұрғыны Мария Кожевникова.



ЖЕРДІҢ ДЕ СҰРАУЫ БАР

Ақтөбе облысында биыл ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді шаруаларға беру үшін 14 конкурс өтті. Оның нәтижесі бойынша 242 600 гектар жер айналымға енгізілді. Оның 2 900 гектары – егістік. Сонымен бірге жерді мемлекетке қайтару жоспары да орындалып жатыр.

— 2022 жылы 500 мың гектар жерді қайтару міндеті қойылды. Сол жылы 535 мың гектар жер қайтарылды. 2023 жылы 366 мың, 2024 жылы 219 мың гектар қайтарылды. Ал биыл 160 мың гектарды қайтару керек деп тапсырма қойылды. Бүгінде 128 900 гектар жер мемлекеттің босалқы жер қорына берілді, — деді Ақтөбе облыстық Жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрбол Ержанов.

Биыл облыстық Жер ресурстарын басқару департаменті жер телімдеріне қатысты 260 материалды қарады. Аудан әкімдіктерінің құжаттары негізінде түсіндірме жұмысы жүргізіліп, ескерту беріледі. Егер шаруалар алған жерді қажетіне жаратпаса, мемлекетке қайтаруы тиіс.

— Ақтөбеде 6 жер учаскесін мақсатына сай пайдаланбаған. Оның жалпы ауданы 10 мың гектар болады. Қазір істі сот қарап жатыр, — деді Нұрбол Ержанов.

Айта кетейік, Ақтөбе облысының аумағы 30,1 млн гектарды құрайды. Оның 26,9 млн гектары — ауыл шаруашылығы алқабы. 25,3 млн гектары жайылым болса, 707 мың гектары — егістік, 494 мың гектардан астамы — тынайған жер.

А. ҚАҒАРМАН

ТОО «Ломбард «GoldFin-Market» (БИН 230140025888) уведомляет, что с 29.07.2025 г. новый юридический адрес: Туркестанская область, Отырарский район, Шаульдерский сельский округ, село Шаульдер, проспект Жибек жолы, здание №22/6.

«GoldFinMarket» Ломбарды» ЖШС (БИН 230140025888) 29.07.2025 ж. бастап жаңа заңды мекенжайы туралы хабарлайды: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, Жібек жолы даңғылы, №22/6 ғимарат.

ДОДА

2 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Ұлттық құраманың бомбардирі Бахтиер Зайнутдинов түріктің «Бешикташынан» Мәскеудің «Динамо» ауысты. Осыдан екі жыл бұрын ойыншының Түркия чемпионатына ауысқанын жарыса жазғанымыз есте. Бірақ оның Ыстанбұлдағы тағдыры бұлайша боларын ешкім болжаған жоқ. Өзі де Ресей лигасына қайтамын деп ойламады, білем.

«Бешикташ»

БАХТИЕРДІҢ БАҒЫН АШПАДЫ

А Айзат
АЙДАРҚЫЗЫ

ЕКІ ЖЫЛ – БЕС БАПКЕР

Иә, Бахтиер Зайнутдинов 2023 жылы Мәскеудің «ЦСКА» клубынан «Бешикташқа» ауысты. Трансфер құны 4,5 миллион еуроға бағаланды. Оның түрік лигасына келуі тура Ыстанбұл ертегісіндей еді. Олай дейтініміз, клубқа келе сала Конференция лигасында өнер көрсету мүмкіндігіне ие болды. Еуроаренаға жай келмей, жарк ете қалды. Қарсылас алаңындағы ойында шешуші жеңіс голын соғып (2:3), жанкүйерін қуантты. 94 минутта соғылған гол Зайнутдиновтың жігері мен командаға берерін айқындап бергендей еді. Бірақ жағдай түрленіп сала берді.

Бас бапкер Шенол Гүнеш оған сенім артты. Ойынға шығарып, өзін көрсетуге мүмкіндік берді. Алайда клубтың вице-президенті Серхан Четинсая кетіп, артынша қазан айында Гүнеш отставкаға арыз берді. Сөйтіп, бапкердің міндетін атқаруды Бурак Йылмазға жүктеді. Бұл бапкер де Бахтиерге оң көзбен қарады. Бірақ қуаныш көпке созылмай, бес ойын өткізген соң, бапкер «туын» Рыза Чалымбайға тапсырды. Аталған бапкерлер Зайнутдиновтың көпқырлы ойыншы екенін сәтті пайдалануға тырысты. Көбінесе, сол қапталдағы қорғаушы міндетін тапсырды. Кейде оң мен сол қапталдағы жартылай қорғаушы болды. Алайда оған қанатын кең жайып, жартылай қорғаныстан еркін шабуылдауға мүмкіндік бермеді. Дәл ұлттық құраманың экс-бапкері Адиев



қойған позицияда ешкім сынап көрген жоқ.

Мұнымен біткен жоқ. Рыза Чалымбай да клубта ұзақ тұрақтамады. Оның орнына бапкер міндетін атқарушы болып Сердар Топрактепе келді. Оның Бахтиерге деген сенімі бардай көрінді. Өйткені Зайнутдинов 2023 жылдың желтоқсан айынан 2024 жылдың ақпанына дейін он ойын қатарынан алаңға шықты. Алаңда толық 90 минут жүрді. Бірақ Фернанду Сантуш келіп, жағдай өзгеріп сала берді. Ол ойыншыға оң көзбен қарамады. Сантуштың да «Бешикташқа» берері болмай, орнына Джованни Ван Бронкхорсты әкел-

ді. Әрине, арты-артынан бапкер ауыстыру ойыншыларға оңайға соқпайды. Клуб ішінен береке қашқаны туралы да ақпарат тарап жатты. Сөйтіп, президент қайтадан Сердар Топрактепені бапкер қызметін атқарушы етіп сайлады. Зайнутдинов қайта алаңға шықты.

«Өкінішке қарай, Бахтиер «Бешикташқа» өзін көрсете алмады, себебі Ыстанбұлда оны шақырған бапкер Шенол Гүнеш орнын босатып, басқа бапкерлердің келуіне мүмкіндік берді. Гүнеш Зайнутдиновты жартылай қорғаушы ретінде көрсетсе, кейін клубта жұмыс істеген бапкерлер оны негізінде тек қорғаушы ретінде ойнатты. Бапкер-

лердің команда да жиі ауысуы, әрине футболшыға пайда әкелмеді. Кейін жарақат алып, алаңға шыға алмады. Енді 1-2 жыл Мәскеуде ойнаса, кейін Еуропаға кетуге болады. Бахтиер әлі де ардагер емес, болашағы бар футболшы. Сондықтан оның жоспарлары жүзеге асады деп сенемін», — дейді спорт комментаторы Ербол Қайыров.

ЖАРҚ ЕТЕДІ БІР ҮМІТ...

Сарапшы айтқандай, 2024 жылдың желтоқсанында «Аланьяспормен» өткен ойында Зайнутдинов жарақат алды. Емделуіне біршама уақыт кетті. Қазақстанда, Испанияда ем алды. Бірақ осы тұста бапкер міндетін атқарушының орнына норвег маманы Сульшер келді. Келді де Зайнутдиновтың «Бешикташтағы» мансабына көленке түсірді. Осыдан бастап әлеуметтік желіде де, БАҚ бетінде де түрлі қауесет жазылды. Жалпы, ол 2024/2025 маусымда «Бешикташ» сапында 12 ойын өткізіп, бір нәтижелі пас берді.

«Жарақаттан ешкім қашып құтылған емес. Ал жанкүйер тарапынан хейт болды. Негізі, Зайнутдиновты уақытында сата алмаған клуб басшыларына сын болуы керек. Клубтың ішкі саясаты дұрыс емесіне көз жетті. Өйткені екі жылда сегіз бапкер ауысты. Содан да Батека «Бешикташтан» тезірек ауысқысы келді. Ал Мәскеудің «Динамо» — сәтті нұсқа. Бұл жерде кім шақырып жатқанына назар аударуымыз керек. Карпинмен бұрын жұмыс істеді. «Ростов» сапында екеуі жақсы жұмыс істеді. Алғашқы ойыннан-ақ мүмкіндік берді, алаңға шығарды. Ойыншы мен бапкер арасында тығыз әрі керемет қарым-қатынас бары көрініп тұр. Бұл Бахтиердің өзі үшін жақсы шешім. Менінше, Зайнутдинов үшін Еуропа футболының ауылы алыс емес. Ресей бапкерлері оны бір жыл ішінде Италияға жібереді деп ойлаймын», — деді спорт сарапшысы Ермұхамед Мәулен.

Сарапшы сөзінің жаны бар, өйткені қысқы трансферлік терезе

кезінде Испанияның «Вальядолид» түрік клубына ұсыныс жасап, Зайнутдиновты жалға беруін сұрады. Бірақ түріктер бұл келісімнен бас тартты. Осылайша, алаңға уақыты шықпай, не басқа клубқа ауыспай, ойыншы екі арада қалды. Жаз басталғаннан Бахтиердің қай клубқа ауысатыны туралы сұрақ күнтәртібінде тұрды. Маусым айында «Ростовқа» қайта барады екен» дейтін қауесет шықты. Кейіннен «ЦСКА» мен «Зениттен» ұсыныс түскені ресми жарияланды. Мәскеудің «Динамо» да ойыншысы өз сапына қосқысы келтінін айтты. Осы тұста Бахтиердің өзі Дмитрий Карпиннің қонырау шалып, өзіне сенім артатынын, бірге жұмыс істеуге шақырғанын айтты. Сөйтіп, ойыншы бұрынғы бапкерінің қарамағында «Динамода» ойнауға келісім берді. Мұнда да кейбір ақпарат көзі Зайнутдиновтың Ресей лигасына амалсыз барғанын айтады. Журналист Александр Троицкий Telegram арнасында «Менінше, Баха бұл трансферге аса қуанышты емес. Оның Ресейге оралғысы келмегені туралы көп айтылды, Еуропада қалғысы келді» деп жазды. Егер Ермұхамед Мәуленнің сөзі рас болса, Зайнутдиновтың жоспары айқын. Ол «Динамоны» еуроарена алдындағы тағы бір баспалдақ ретінде сынап көрмек. Бірақ спорт әлемінде Ресейге салынған санкцияны естен шығармау керек. Олар еурокубок ойындарына қатыспайды. Сол үшін елдегі спорт сарапшыларының ойы екіге бөлінді. Соның ішінде оның шешімін құптаған да, даттаған да бар.

«Иә, әрине «Бешикташ» пен «Динамо» салыстыруға болмайды, себебі түркиялық клуб жыл сайын еурокубоктерде өнер көрсетеді. «Арсенал», «Челси» сияқты топ-клубтардың ойыншыларын құрамдарына қоса береді. Түркияда Зайнутдинов Иммобиле, Окслейд-Чемберленд секілді жұлдыздармен доп тепті. Ал Ресейде саяси факторлардың салдарынан осындай жоғары дейгейдегі ойыншылар өте аз», — деді спорт комментаторы Ербол Қайыров.

Қош, нәтижесін алда көре жатармыз. Бахтиер Зайнутдиновтың көрші елдегі мансабы сәтті болуын тілейміз. Карьерасын «Тараздың» жастар құрамасында бастаған жігіттің айы оңынан тусын. Кейіннен негізгі құрамға ауысып, артынша «Астанада» доп депті. Осылайша, Ресейдің «Ростовы» көз тігіп, қатарына қосты. Аталған лигадағы ойыны көпке ұнап, «ЦСКА-ға» ауысты. Үш жылдың ішінде түлеп, сарапшылардан жоғары баға алды. Бұл жол оны «Бешикташпен» түйістіргенді. Енді ол Ресей лигасынан Еуропаға қайта қанат қағудың қамын жасайды.

AMANAT
MEDIA GROUP**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынбай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Қарағанды облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4624
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және көрі қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар –
Әсет ҚАЛИ,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ